


SDU Journal of Media Studies

# J | M | S

Media: Society, History and Politics | Journalism

---



ISSN: 3105-3475



SDU CENTRAL ASIAN  
RESEARCH CENTER

# **SDU Journal of Media Studies**

**№1 (4)/ 2026**

Жылына 4 рет шығады  
Published 4 times a year  
Выходит 4 раза год

Қаскелең / Kaskelen / Каскелен  
2026

**Бас редактор**

**Мадияр Саудбаев, PhD, ассистент профессор, SDU University**

**Жауапты редактор**

**Айзада Нуридденова, PhD, ассистент профессор, SDU University**

**Техникалық редактор**

**Жұлдызай Кубашева, Ғылым департаментінің маманы, SDU University**

**Редакциялық алқа:**

<b>Есенгүл Кәпқызы</b>	ф.ғ.к., ассистент профессор, SDU University (Қазақстан)
<b>Ғалым Жүсіпбек</b>	PhD, қауымдастырылған профессор, SDU University (Қазақстан)
<b>Мұхтар Сенгірбай</b>	PhD, қауымдастырылған профессор, SDU University (Қазақстан)
<b>Айкерім Әлімжанова</b>	PhD, ассистент профессор, SDU University (Қазақстан)
<b>Қарлыға Мысаева</b>	PhD, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)
<b>Гүлмира Әшірбекова</b>	ф.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ (Қазақстан)
<b>Зульфия Имярова</b>	PhD, қауымдастырылған профессор, KIMEP University (Қазақстан)
<b>Сергей Голунов</b>	PhD, профессор, SDU University (Қазақстан)
<b>Елнұр Алимова</b>	MA, аға оқытушы, SDU University (Қазақстан)
<b>Асхат Еркімбай</b>	MA, аға оқытушы, SDU University (Қазақстан)
<b>Бердақ Байымбетов</b>	MA, аға оқытушы, SDU University (Қазақстан)
<b>Асылзат Қарабаева</b>	PhD, ассистент профессор, KIMEP University (Қазақстан)
<b>Айнұр Сләмғажы</b>	PhD, ассистент профессор, Astana IT University (Қазақстан)
<b>Беате Джозефи</b>	PhD, профессор, Сидней Университеті (Австралия)
<b>Уэйн Уанта</b>	PhD, профессор, Флорида Университеті (АҚШ)
<b>Айтолқын Ашимова</b>	PhD, ассистент профессор, Turan University (Қазақстан)
<b>Алтын Ақынбекова</b>	PhD, ассистент профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)
<b>Асия Исембердиева</b>	PhD, аға оқытушы, SDU University (Қазақстан)
<b>Бахтияр Нурумов</b>	MA, аға оқытушы, SDU University (Қазақстан)
<b>Ислам Супыалдияров</b>	MA, аға оқытушы, SDU University (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы  
040900, Қаскелең қаласы, Абылай хан көшесі 1/1

\*e-mail: [jms@sdu.edu.kz](mailto:jms@sdu.edu.kz)

SDU Journal of Media Studies

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелген

30.06.2025, № KZ92VPY00123309 есепке қою туралы куәлігі

SDU University

ISSN: 3105-3475

Сайт: <https://jms.sdu.edu.kz/index.php/jms>

**Editor-in-chief**

**Madiyar Saudbayev**, PhD, Assistant Professor, SDU University

**Managing Editor**

**Aizada Nuriddenova**, PhD, Assistant Professor, SDU University

**Technical editor**

**Zhuldyzay Kubasheva**, Science Department specialist, SDU University

**Editorial board:**

<b>Yessengul Kap</b>	Candidate of philological sciences, Assistant Professor, SDU University
<b>Galym Zhussipbek</b>	PhD, Associate Professor, SDU University (Kazakhstan)
<b>Mukhtar Senggirbay</b>	PhD, Associate Professor, SDU University (Kazakhstan)
<b>Aikerim Alimzhanova</b>	PhD, Assistant Professor, SDU University (Kazakhstan)
<b>Karlyga Myssayeva</b>	PhD, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)
<b>Gulmira Ashirbekova</b>	PhD, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)
<b>Zulfiya Imyarova</b>	PhD, Associate Professor, KIMEP University (Kazakhstan)
<b>Sergei Golunov</b>	PhD, Professor, SDU University (Kazakhstan)
<b>Yelnur Alimova</b>	MA, Senior Lecturer, SDU University (Kazakhstan)
<b>Askhat Yerkimbay</b>	MA, Senior Lecturer, SDU University (Kazakhstan)
<b>Berdak Bayimbetov</b>	MA, Senior Lecturer, SDU University (Kazakhstan)
<b>Assylzat Karabayeva</b>	PhD, Assistant Professor, KIMEP University (Kazakhstan)
<b>Ainur Slamgazhy</b>	PhD, Assistant Professor, Astana IT University (Kazakhstan)
<b>Beate Josephi</b>	PhD, Professor, Sydney University (Australia)
<b>Wayne Wanta</b>	PhD, Professor, Florida University (USA)
<b>Aitolkyn Ashimova</b>	PhD, Assistant Professor, Turan University (Kazakhstan)
<b>Altyn Akynbekova</b>	PhD, Assistant Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)
<b>Assiya Issemberdiyeva</b>	PhD, Senior Lecturer, SDU University (Kazakhstan)
<b>Bakhtiyar Nurumov</b>	MA, Senior Lecturer, SDU University (Kazakhstan)
<b>Islam Supyaldiyarov</b>	MA, Senior Lecturer, SDU University (Kazakhstan)

Address of the editorial office: Almaty region, Karasay district  
040900, Kaskelen, 1/1 Abylai Khan street  
\*e-mail: [jms@sdu.edu.kz](mailto:jms@sdu.edu.kz)

SDU Journal of Media Studies

Registered by the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan

Certificate of registration No KZ92VPY00123309 from 30.06.2025

SDU University

ISSN: 3105-3475

Site: <https://jms.sdu.edu.kz/index.php/jms>

**Главный редактор**  
Мадияр Саудбаев, PhD, ассистент профессор, SDU University

**Ответственный редактор**  
Айзада Нуридденова, PhD, ассистент профессор, SDU University

**Технический редактор**  
Жулдызай Кубашева, специалист департамента науки, SDU University

**Редакционная коллегия:**

Есенгүл Кәпқызы	к.ф.н., ассистент профессор, SDU University (Казахстан)
Ғалым Жүсіпбек	PhD, ассоциированный профессор, SDU University (Казахстан)
Мұхтар Сенгірбай	PhD, ассоциированный профессор, SDU University (Казахстан)
Айкерим Алимжанова	PhD, ассистент профессор, SDU University (Казахстан)
Қарлыға Мысаева	PhD, ассоциированный профессор, КазНУ имени аль-Фараби (Казахстан)
Гүлмира Әшірбекова	к.ф.н., доцент, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)
Зульфия Имярова	PhD, ассоциированный профессор, KIMEP University (Казахстан)
Сергей Голунов	PhD, профессор, SDU University (Казахстан)
Елнұр Алимова	магистр, старший преподаватель, SDU University (Казахстан)
Асхат Еркімбай	магистр, старший преподаватель, SDU University (Казахстан)
Бердақ Байымбетов	магистр, старший преподаватель, SDU University (Казахстан)
Асылзат Қарабаева	PhD, ассистент профессор, KIMEP University (Казахстан)
Айнұр Слэмғажы	PhD, ассистент профессор, Astana IT University (Казахстан)
Беате Джозефи	PhD, профессор, Сиднейский университет (Австралия)
Уэйн Уанта	PhD, профессор, Университет Флориды (США)
Айтолқын Ашимова	PhD, ассистент профессор, Turan University (Казахстан)
Алтын Ақынбекова	PhD, ассистент профессор, КазНУ имени аль-Фараби (Казахстан)
Асия Исембердиева	PhD, старший преподаватель, SDU University (Казахстан)
Бахтияр Нурумов	MA, старший преподаватель, SDU University (Казахстан)
Ислам Супыалдияров	MA, старший преподаватель, SDU University (Казахстан)

Адрес редакции: Алматинская область, Карасайский район  
040900, г. Каскелен, ул. Абылай хана 1/1  
\*e-mail: [jms@sdu.edu.kz](mailto:jms@sdu.edu.kz)

SDU Journal of Media Studies

Зарегистрирован Министерством культуры и информации Республики Казахстан

Свидетельство о постановке на учет № KZ92VPY00123309 от 30.06.2025

© SDU University

ISSN: 3105-3475

Сайт: <https://jms.sdu.edu.kz/index.php/jms>

© SDU University

МАЗМҰНЫ / CONTENTS / СОДЕРЖАНИЕ

*Media зерттеулер: Қоғам. Тарих. Саясат*

*Media Studies: Society. History. Politics*

*Media исследования: Общество. История. Политика*

<b>Instagram желісіндегі соғыс туралы эмоциялық фреймдердің өзгеруі: Ресей-Украина соғысына қатысты пікірлердің бір жылдық салыстырмалы талдауы</b>	
<i>Айбике Жұмабай, Асхат Еркімбай</i> .....	6
<b>Social Media Humor and Loneliness during COVID-19 Quarantine: Experiences of Asian Students in Japan</b>	
<i>Dildar Serdaly</i> .....	30
<b>After Karimov and Nazarbayev: Official Media Discourse on Central Asian Identity in Uzbekistan and Kazakhstan</b>	
<i>Korkem Serikbek</i> .....	41
<b>Palestine Through the Central Asian Lens: Kazakhstan and Kyrgyzstan’s Independent Media Narratives of the Gaza War (2023-2026)</b>	
<i>Bekzhan Turdybek</i> .....	65

*Масс коммуникация және журналистика ғылымы*

*The Science of Mass Communication and Journalism*

*Наука о массовой информации и журналистике*

<b>Қаңтар оқиғасының халықаралық медиадағы репрезентациясы: The New York Times пен Financial Times материалдарының фреймдік талдауы</b>	
<i>Дина Өскен</i> .....	88

DOI: <https://doi.org/10.47344/sdubss.v58i.003>

FTAMP: 19.31.00

## **Instagram желісіндегі соғыс туралы эмоциялық фреймдердің өзгеруі: Ресей-Украина соғысына қатысты пікірлердің бір жылдық салыстырмалы талдауы**

Айбике Жұмабай

SDU University, Қаскелең, Қазақстан

email: [221308006@stu.sdu.edu.kz](mailto:221308006@stu.sdu.edu.kz)

Асхат Еркімбай

SDU University, Kaskelen, Kazakhstan

email: [askhat.yerkimbay@sdu.edu.kz](mailto:askhat.yerkimbay@sdu.edu.kz)

### **Аңдатпа**

Бұл зерттеу Ресей-Украина соғысы тақырыбында әлеуметтік желіде жарияланған ақпаратқа оқырмандардың қандай бағытта үн қататынын анықтауға бағытталған. Зерттеу нысаны ретінде «Азаттық радиосының» Instagram парақшасында 2022 жылдың ақпаны мен 2023 жылдың наурызы аралығында жарияланған 5000-нан астам пікірге сандық контент-анализ жасалды. Медиабұрмалау көбіне тақырып таңдау мен фрейминг арқылы жүзеге асады. Сондықтан бұл зерттеу Роберт Энтман ұсынған фрейминг теориясын аналитикалық негіз ретінде қолданады. Ал Зизи Папачариси сипаттаған «аффективті қоғамдық орталар» тұжырымдамасы пікірлердегі эмоционалды реңкті түсіндіруге мүмкіндік береді. Кевин Коу және басқалары интернеттегі пікірталастардың жиі дәрекі сипат алатынын атап өтсе, бұл зерттеу де аталған парақшадағы пікірлерде ұқсас үрдістердің бар-жоғын тексереді. Зерттеу нәтижесінде пікірлердің басым бөлігі эмоциялық реакция мен саяси поляризация элементтерін қамтитыны, ал конструктивті талқылау сирек кездесетіні анықталды. Сонымен қатар уақыттық динамика тұрғысынан маңызды үрдіс байқалды: 2022 жылғы ерте кезеңде соғысқа қатысты ұстанымдар көбіне гуманитарлық сезімталдықпен және моральдық айыптаумен (соғыстың әділетсіздігі, құрбандар трагедиясы, бейбіт тұрғындарға жанашырлық) күшейсе, 2023 жылы сол позицияның дискурстық өзегі кеңейіп, антиимпериялық және тарихи аргументтермен толыққан. Яғни фрейм үлесі салыстырмалы түрде тұрақты сақталғанымен, бір жыл ішінде оның мазмұны гуманитарлық-эмпатиялық реңктен саяси-тарихи түсіндіруге қарай ығысқанын көреміз. Бұл қорытындылар соңғы зерттеулер тұжырымдаған ақпараттық тәуекелдер мен идеологиялық жіктелу үрдістерімен үндес.

**Кілт сөздер:** эмоциялық фреймдер, фрейминг теориясы, Ресей-Украина соғысы, әлеуметтік желідегі пікірлер

### **Кіріспе**

Ресей мен Украина арасындағы соғыс 2022 жылдан бері халықаралық ақпарат кеңістігінің басты тақырыптарының бірі болып келеді. Бұл соғыс тек саяси және әскери ғана емес, сонымен қатар ақпараттық кеңістіктегі күрес алаңына айналды. Зерттеудің өзектілігі цифрлық медиа дәуірінде соғыс нарративтерінің қалай құрылатынын және оқырман тарапынан қалай интерпретацияланатынын айқындауға бағытталуымен байланысты.

Сонымен қатар бұл тақырып Қазақстан үшін де ерекше маңызды. Қазақстан посткеңестік кеңістіктің бір бөлігі ретінде Ресеймен тарихи, саяси және ақпараттық байланыстары тығыз елдердің қатарына жатады. Сондықтан Ресей-Украина соғысына қатысты ақпарат пен интерпретациялар қазақстандық медиа кеңістікте де белсенді таралып, қоғамдық пікір

калыптастыруға ықпал етеді. Қазақстандық аудитория бұл соғысты әртүрлі ақпарат көздері арқылы қабылдайды: халықаралық медиа, ресейлік ақпарат құралдары және жергілікті онлайн платформалар бір мезгілде қоғамдық дискурсты қалыптастырады. Мұндай ақпараттық ортада соғыс туралы интерпретациялар мен пікірталастардың қалай құрылатынын талдау қазақстандық қоғамдық пікірдің қалыптасу логикасын түсіну үшін маңызды. Райымбекова (2023) атап өткендей, соғыс медиациясының басты тәуекелі – ақпараттық поляризация мен қоғамдық пікірдің радикалдануы. Ал Шевченко (2022) әлеуметтік медиадағы соғысқа қатысты контенттің мультимодал сипаты мен саяси мағыналық кодтарының әртүрлілігін көрсетеді. Қазақстан медиасы да бұл үдерістен шет қалмады: Сайрамбай мен Қамза (2024) қазақстандық онлайн ресурстар көбіне халықаралық ақпарат агенттіктеріне сүйенетінін және бұл жағдай ұлттық медиадағы дискурстың тәуелділігін арттыратынын анықтаған.

Әлеуметтік медиа, әсіресе Instagram сияқты платформалар, ақпарат алмасудың ғана емес, пікірталас пен азаматтық белсенділіктің кеңістігіне айналды. Папачариси (2014) «аффективті қоғамдық орталар» теориясында әлеуметтік желілердегі эмоциялық байланыстар саяси дискурсты қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын түсіндіреді. Бұл тұрғыдан алғанда, оқырман пікірлері медиа контенттің қабылдануы мен интерпретациясын талдауда құнды дереккөз бола алады.

Родриго-Джинес және әріптестері (2023) медиабұрмалауды анықтаудың маңызды тәсілі ретінде контенттің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерін талдауды ұсынса, Энтман (1993) фрейминг теориясы арқылы ақпараттың белгілі элементтерін таңдап, басқаларын елемедің қоғамдық пікірге әсер ететінін түсіндіреді. Гамсон және Модильяни (1989) фреймдерді әлеуметтік құрылым ретінде қарастырып, медиа аудиторияның қабылдау логикасын талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу осы теориялық негіздерге сүйене отырып, Азаттық радиосының Instagram парақшасындағы Ресей-Украина соғысына қатысты оқырман пікірлерін сандық контент-анализ әдісімен зерттейді. Азаттық радиосының Instagram парақшасын дереккөз ретінде таңдаудың бірнеше себебі бар. Біріншіден, Азаттық радиосы Қазақстандағы қоғамдық-саяси тақырыптарды жүйелі көтеріп, аудиторияға жаңалық пен пікір алмасуға арналған ашық алаң ұсынатын тәуелсіз ақпарат көздерінің бірі ретінде сипатталады (Radio Free Europe/Radio Liberty, n.d.). Екіншіден, Human Rights Watch Азаттық радиосын Қазақстанда сыбайлас жемқорлық, әлеуметтік теңсіздік, саяси қысым сияқты мәселелер бойынша тәуелсіз ақпарат беретін маңызды дереккөз ретінде атап өтеді, бұл оның контентін саяси коммуникацияны зерттеу үшін құнды етеді (Human Rights Watch, 2025). Үшіншіден, Reporters Without Borders жариялаған материалдардағы аккредитация төңірегіндегі даулар Азаттық радиосының қызметі қоғамдық-саяси тұрғыдан сезімтал екенін және оның айналасындағы дискурстың (соның ішінде оқырман пікірлерінің) зерттеуге лайық екенін көрсетеді (RSF, 2025). Төртіншіден, Азаттық радиосының цифрлық платформаларға бейімделуі мен медиа-конвергенция жағдайындағы трансформациясы отандық академиялық еңбектерде арнайы қарастырылғандықтан, Instagram кеңістігіндегі оқырман пікірлерін эмпирикалық дерек ретінде талдау қиынды (Кэп & Жасарал, 2025).

Зерттеу сұрағы келесідей тұжырымдалды: Азаттық радиосының Instagram парақшасындағы пікірлер Ресей-Украина соғысына қатысты қандай интерпретациялық фреймдерді қалыптастырады және пайдаланушылардың осы тақырыпқа қатысты ұстанымдары мен бағалауларында қандай айырмашылықтар байқалады? Осы сұраққа жауап беру үшін фрейминг теориясы (Entman, 1993; Gamson & Modigliani, 1989) және аффективті қоғамдық орталар тұжырымдамасы (Papacharissi, 2014) негізге алынды.

Бұл зерттеу жұмысының мақсаты – әлеуметтік медиа кеңістігінде соғыс тақырыбына

катысты пікірталастардың қалай қалыптасатынын, қандай интерпретациялық фреймдер басым екенін және пайдаланушылардың пікірлері арасында қандай позициялық немесе идеологиялық айырмашылықтар байқалатынын сандық контент-анализ әдісі арқылы анықтау

## Әдебиетке шолу

Бүгінде Instagram, Facebook, X (бұрынғы Twitter) және TikTok сияқты платформалар саяси коммуникацияның логикасын өзгертіп, қоғамдық пікірдің қалыптасуына әсер ететін негізгі аландарға айналды. Зерттеулер олардың саяси пікірталас қана емес, дезинформация мен поляризация сияқты құбылыстардың да күшейетінін көрсетеді (Papathanassopoulos, 2025). Сонымен бірге, халықаралық қатынастар мен қақтығыс жағдайларында әлеуметтік медиа пропаганда, манипуляция және қарсы-нарративтер тарайтын “ақпараттық соғыс” кеңістігі ретінде қарастырылады (Prier, 2017). Әлеуметтік медиа платформаларында қалдырылған пікірлер аудиторияның саяси ұстанымы мен эмоциялық реакциясын айқындайтын дереккөзге айналды (Alafwan, Siallagan & Putro, 2023). Алафван, Сиаллаган және Путро әлеуметтік желідегі пікірлерді талдаудың күрделілігін атап өтіп, оларды лингвистикалық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан кешенді зерттеу қажеттігін көрсетеді. Бұл тәсіл Азаттық радиосының Instagram парақшасындағы пікірлерді медиаталдау үшін де өзекті, себебі пікір алаңы тек ақпарат қабылдау емес, оны бағалау мен идеологиялық мағыналу кеңістігі ретінде де қызмет етеді.

Ресей мен Украина арасындағы соғыс 2022 жылы басталған сәттен бастап әлемдік медиада жаңа ақпараттық соғыс кезеңін ашты. Зерттеушілер бұл үдерісті медианың эмоциялық және идеологиялық фреймдері арқылы түсіндіреді (Entman, 1993). Фрейминг теориясы ақпараттың белгілі бір бөлігіне назар аударып, аудиторияның қабылдауын қалыптастыру механизмдерін сипаттайды. Бұл тұрғыда соғысқа қатысты әлеуметтік медиа пікірлері қоғамдық көңіл-күй мен медиалық әсердің көрсеткіші ретінде маңызды (Gamson & Modigliani, 1989).

Цифрлық дәуірде әлеуметтік желілер медиақабылдау мен қоғамдық пікірдің басты кеңістігіне айналды. Папахарисси (2014) аффективті қоғамдық орталардың (affective publics) пайда болуы арқылы пайдаланушылардың жеке тәжірибелері мен саяси позицияларының медиалық айналымға түсу жолдарын сипаттайды. Instagram сияқты визуалды платформаларда эмоциялық репрезентация (мысалы, фотолардағы соғыс көріністері немесе бейбітшілік символдары) ақпаратқа деген реакцияны арттырып, пікірталастың қарқынын күшейтеді. Бұл үрдісті Ко, Кенски және Рейнс (2014) анықтап, онлайн пікірлерде поляризация, агрессия және сенімсіздік мотивтерінің жиілегенін көрсеткен.

Осы тұрғыда Қазақстандағы Instagram платформасының қоғамдық-саяси дискурстағы рөлі ерекше байқалады. Зерттеулерге сәйкес, Instagram қазақстандық жастар арасында азаматтық белсенділікті жүзеге асырудың маңызды алаңына айналып, сыбайлас жемқорлық, экологиялық мәселелер және әлеуметтік әділеттілік тақырыптарын ашық талқылауға мүмкіндік береді (Voices on Central Asia, 2021). Аталған платформа дәстүрлі медиада шектеулі көрініс табатын мәселелерді қоғамдық кеңістікке шығарып, пайдаланушыларға делдалсыз коммуникация орнатуға жағдай жасайды. Мәселен, #SaveKokZhailau экологиялық компаниясы Instagram-ның мобилизациялық әлеуетін айқын көрсетті: платформадағы жарияланымдар мен пікірталастардың нәтижесінде 33 мыңнан астам қол жинақталып, қоғамдық резонанс қалыптасты (Voices on Central Asia, 2021). Бұл жағдай Instagram-ды қоғамдық пікір қалыптастыратын «виртуалды алаң» ретінде сипаттауға негіз болды. Мұнда азаматтар әлеуметтік маңызы бар тақырыптарды еркін талқылап, ұжымдық әрекетке жұмыла алады

(Voices on Central Asia, 2021).

Сонымен қатар, Қазақстандағы әйелдердің саяси қатысуын зерттеген еңбектерде де әлеуметтік желілер, соның ішінде Instagram, ақпарат алмасу, пікірлес топтар құру және саяси әрекеттерді үйлестірудің негізгі құралы ретінде қарастырылады (Kudaibergenova, 2019; Voices on Central Asia, 2021). Бұл платформалар әйелдердің қоғамдық-саяси процестерге белсенді араласуына, өз көзқарасын білдіруіне және желілік қолдау жүйесін қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Осылайша, Instagram Қазақстанда тек әлеуметтік желі ғана емес, сонымен қатар саяси пікір қалыптастыру, азаматтық мобилизация және қоғамдық дискурсты кеңейтудің маңызды медиалық кеңістігіне айналды. Бұл фактор Ресей мен Украина арасындағы соғысқа қатысты пікірлердің де дәл осы платформада белсенді талқылануына ықпал етіп, қоғамдық көңіл-күй мен эмоциялық реакциялардың индикаторы ретінде көрінуіне жағдай жасайды.

Соғыс контентін қабылдаудағы эмоциялық динамика – зерттеушілер жиі талдайтын бағыттардың бірі. Росс және Риверс (2017) пікірталас мәдениетінің цифрлық платформаларда жиі «қақтығыстық стильге» ие болатынын атап өтеді. Яғни, әлеуметтік желідегі пікір жазу мәдениеті медиалық оқиғаларға қоғамның эмоционалды және идеологиялық жауап беру үлгісін көрсетеді. Осыған ұқсас тұрғыда, Чулиараки (2013) «медиалық жанашырлық» ұғымын енгізіп, соғыс кезіндегі медиақабылдау адамдардың этикалық және эмоциялық ұстанымдарын қалыптастыратынын дәлелдейді. Сонымен қоса, Иванова мен Петренко (2023) Ресейдің Украинаға қарсы ақпараттық соғысы жастардың қоғамдық сана-сезіміне айтарлықтай ықпал еткенін көрсетеді. Авторлар әсіресе әлеуметтік желілер мен визуалды контенттің жастардың эмоционалды қабылдауына әсерін талдап, ақпараттық манипуляцияның ұзақ мерзімді салдарын анықтаған. Бұл зерттеу Азаттық радиосының Instagram парақшасындағы оқырман пікірлерін талдау тұрғысынан маңызды, себебі ол ақпараттық контенттің эмоциялық резонанс тудыру арқылы аудиторияны белгілі бір позицияға бейімдейтінін дәлелдейді. Азаттықтың Instagram парақшасы соғыс туралы жаңалықтың қазақстандық аудиторияда қалай интерпретацияланатынын бақылауға мүмкіндік береді, өйткені мұнда жаңалық мәтінімен бірге оған берілген жедел реакциялар мен пікірталас динамикасы да көрінеді (RFE/RL, n.d.). Сондықтан бұл алаңдағы комментарийлер медиалық дискурстың аудитория деңгейінде қалай “оқылатынын” және қандай эмоциялық-идеологиялық жауап тудыратынын эмпирикалық тұрғыда талдауға қолайлы.

Қазақстандық контексте әлеуметтік медиа зерттеулері соңғы жылдары қарқын ала бастады. Тулеметова (2023) Ресей-Украина соғысына қатысты қазақстандық медианың риторикалық фреймдерін талдап, бейтараптық пен ақпаратты сүзгіден өткізу стратегияларының жиі қолданылатынын көрсеткен. Ержанова (2024) әлеуметтік желілердегі соғыс туралы пікірлер уақыт өте келе өзгеріп, бастапқыда үрей мен сақтық басым болса, кейін эмоциялық бейімделу мен ақпараттық шаршау байқалатынын атап өтеді. Бұл – қоғамдық көңіл-күйдің динамикасын сипаттайтын маңызды құбылыс. Ал, Сайрамбай мен Қамза (2024) зерттеуінде Ресей-Украина соғысының Қазақстандағы онлайн медиа кеңістігіне ықпалы жан-жақты қарастырылады. Авторлар контент-талдау мен қоғамдық сауалнамалар нәтижесіне сүйене отырып, қазақстандық медианың соғыс тақырыбында ресейлік және мемлекеттік ақпарат көздеріне тәуелділігін көрсетеді. Сонымен қатар, олар әлеуметтік желілерде соғысқа қатысты пікірлердің поляризацияланып, қоғамда деколонизация мен ақпараттық қауіпсіздік туралы жаңа дискурстардың қалыптасқанын атап өтеді.

Сондай-ақ, Родриго-Джинес, Каррильо-де-Альборнос және Плаза (2023) медиабұрмалау мен фреймингтің цифрлық кеңістіктегі көрінісін жүйелі талдап, әлеуметтік медиа

комментарийлері аудиторияның ақпаратты қабылдауындағы бейтараптық дәрежесін өлшеуге мүмкіндік беретінін айтады. Войцезак және Гаррет (2018) әлеуметтік желілердің пікір поляризациясын күшейтетінін дәлелдеп, бұл құбылысты қоғамдық сенімге қауіп ретінде қарастырады.

Осы зерттеулердің барлығы медианың аудиториямен қарым-қатынасында фрейминг пен эмоциялық дискурс теорияларының маңыздылығын айқындайды. Бұл мақала Азаттық радиосының Instagram парақшасындағы пікірлерді талдау арқылы соғысқа қатысты қоғамдық көңіл-күйдің уақыт бойынша қалай өзгеретінін анықтауға бағытталады. Алдыңғы зерттеулер көбіне журналистік мәтінді зерттеу нысаны ретінде қарастырса, бұл жұмыс аудитория реакциясын эмпирикалық тұрғыдан зерттеу арқылы жаңа дереккөзді ұсынады. Мұндай тәсіл әлеуметтік медидағы қоғамдық пікірді түсіндірудің жаңа эмпирикалық және теориялық бағыттарын толықтыруға мүмкіндік береді.

## Теориялық негіздеме

Бұл зерттеу фрейминг теориясы мен медиа поляризациясы тұжырымдамаларына сүйенеді. Фрейминг теориясы медиа мәтіндер арқылы оқиғаларды белгілі бір қырынан көрсету және сол арқылы қоғамдық пікір қалыптастыру процесін түсіндіреді (Entman, 1993). Бұл теория кейінгі медиазерттеулерде кеңінен қолданылып, қоғамдағы саяси және әлеуметтік процестерді талдаудың негізгі құралына айналды (Gamson & Modigliani, 1989).

Ресей-Украина соғысы сияқты геосаяси оқиғалар медиа фреймдер арқылы әртүрлі интерпретацияланады. Зерттеулер көрсеткендей, соғыс тақырыбы жиі үш негізгі фреймде көрініс табады: құрбандық пен әділетсіздік фреймі, қорғаныс пен патриотизм фреймі, және бейбітшілік пен гуманитарлық фрейм (Shevchenko, 2022; Yanti et al., 2022). Бұл фреймдер қоғамның белгілі бір тарапқа жанашырлық танытуына немесе керісінше, кінә тағуына ықпал етеді. Медианың осындай әсері ақпараттық кеңістіктегі поляризацияны күшейтеді (Wojcieszak & Garrett, 2018).

Қазақстандық медиа контексте бұл процесс ерекше мәнге ие, себебі елдің ақпараттық кеңістігі көптілді және әртүрлі идеологиялық ықпалға ашық. Райымбекова (2023) атап өткендей, Ресей-Украина қақтығысына қатысты Қазақстан медиасында медиаторлық ұстаным байқалғанымен, әлеуметтік желідегі пікірталастарда радикал позициялар жиі кездеседі. Ал Сайрамбай мен Қамза (2024) бұл соғыс қазақстандық онлайн медианың құрылымына және аудиторияның ақпарат тұтыну мәдениетіне айтарлықтай әсер еткенін көрсетеді.

Медиа теория тұрғысынан алғанда, Instagram сияқты әлеуметтік платформаларда пікір білдіру актісі тек коммуникация құралы емес, қоғамдық дискурстың бөлігі саналады. Paracharissi (2014) мұндай онлайн кеңістіктерді *affective publics* – яғни эмоцияға негізделген қоғамдық қауымдастықтар деп сипаттайды. Бұл аудиториялар ақпаратқа рационалды емес, аффективті (сезімге толы) реакция білдіру арқылы қоғамдық пікірдің бағыт-бағдарын өзгертеді.

Сонымен қатар, Ко, Кенски және Рейнс (2014) зерттеуі әлеуметтік желідегі пікірлерде жиі кездесетін инцивильділік (өрескел сөйлеу) пен қарсы пікірге төзбеушілік құбылыстарын көрсетеді. Мұндай дискурстар поляризацияны күшейтіп, ақпараттық ортада “біз-олар” деген дихотомияны тереңдетеді. Ал Родрига-Джинес және әріптестері (2023) атап өткендей, бұл процестер медидағы бұрмалау және бейтараптықтың жоғалуына әкелуі мүмкін.

Осы тұрғыдан, “Азаттық радиосының” Instagram парақшасындағы пікірлер тек аудитория реакциясы емес, соғысқа қатысты қоғамдық фреймдердің индикаторы болып табылады. Бұл зерттеу Энтман (1993) және Гэмсон және Модильяни (1989) ұсынған фрейминг

тәсілін басшылыққа алып, пікірлерді бес негізгі категорияға бөледі: *Ресейді қолдау фреймі, Украинаны қолдау фреймі, антисоғыс/бейбітшілік фреймі, скептикалық/бейтарап фрейм және антибатыстық фрейм.*

Сондықтан фрейминг теориясы мен сандық контент-анализ тәсілін біріктіру зерттеуге екі артықшылық береді: біріншіден, аудиторияның қандай фреймдерге көбірек жүгінетінін өлшеуге мүмкіндік береді; екіншіден, қоғамдағы идеологиялық поляризацияның медиалық көрінісін нақты деректермен көрсетуге жағдай жасайды. Осылайша, бұл зерттеу медиадағы соғыс дискурсын тек мәтіндік деңгейде ғана емес, әлеуметтік және эмоциялық өлшемде де түсіндіруге бағытталған.

## Әдіснама

Бұл зерттеу сандық контент-анализ әдісі арқылы жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде Азаттық радиосының Instagram парақшасында 2022 жылдың ақпан айынан 2023 жылдың наурыз айына дейін жарияланған Ресей-Украина соғысына қатысты жазбалар таңдалды. Бұл уақыт екі ел арасында конфликтінің басталғанын медиада хабарлай бастаған кез бен бір жылдан кейінгі сәтін бейнелеген тұсқа сәйкес келеді. Осы кезең ішінде жарияланған материалдардың ішінен бес мыңнан астам пікір алынды. Талдауға алынған бес постқа веб-сілтемелер төменде көрсетілген:

1. [«#Путин бұлай жасауы мүмкін емес»](#)
2. [Алматыда “Сарыарқа” кинотеатрының алдында жиналған қауым](#)
3. [Украинадағы соғыс және бүлдіршінің әкесімен қоштасуы](#)
4. [«Соғысты бастаған – солар»: Путин жолдауында не айтты?](#)
5. [Путиннің болжауы: Батыс Ресейді бөлшектегісі келеді](#)

Посттарды іріктеу бірнеше критерий негізінде жүргізілді. Біріншіден, зерттеу Ресей мен Украина арасындағы соғысқа қатысты аудитория пікірін талдауға бағытталғандықтан, тек осы тақырыпқа тікелей қатысты жарияланымдар қарастырылды. Екіншіден, зерттеу үшін 2022 жылғы 24 ақпаннан 2023 жылғы 31 наурызға дейінгі кезең қамтылды. Бұл кезең Ресейдің Украинаға толық масштабты әскери әрекет бастаған уақытымен сәйкес келеді және соғыс тақырыбына қатысты медиадискурстың ең белсенді кезеңдерінің бірі болып саналады. Аталған мерзім ішінде Азаттық радиосының Instagram парақшасында соғыс тақырыбына қатысты бірнеше жарияланым болғанымен, зерттеу үшін аудитория реакциясы ең белсенді байқалған және пікір саны жоғары посттар таңдалды. Сонымен қатар, посттардың әртүрлі форматта болуы (жаңалық посты және reel форматындағы қысқа видео) аудитория пікірінің динамикасын салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік береді. Осы критерийлер негізінде аталған бес пост зерттеу нысаны ретінде іріктелді.

Зерттеу барысында Instagram посттарына жазылған 5021 комментарий талданды. Пікірлерді талдау үшін сандық контент-талдау (quantitative content analysis) әдісі қолданылды. Комментарийлер алдын ала әзірленген кодтау схемасы негізінде тақырыптық және эмоционалдық категорияларға бөлінді. Кодтау үдерісі қолмен (manual coding) жүргізілді. Бұл тәсіл әлеуметтік желідегі пікірлердің контекстік және семантикалық ерекшеліктерін дәлірек анықтауға мүмкіндік береді. Кодтау барысында әр пікір зерттеу категориялары бойынша жеке-жеке белгіленіп, кейіннен жиілік талдауы жүргізілді. Деректерді жүйелеу және нәтижелерді есептеу үшін электрондық кестелер қолданылды. Бұл тәсіл аудиторияның соғыс тақырыбына қатысты пікірлеріндегі негізгі дискурстық бағыттарды, эмоциялық реңктерді және фреймдік

интерпретацияларды анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің негізгі мақсаты – Азаттық радиосының Instagram парақшасындағы Ресей-Украина соғысына қатысты оқырман пікірлеріндегі негізгі эмоциялық, идеологиялық және фреймдік ерекшеліктерді анықтау. Сандық контент-анализ әлеуметтік медиадағы пікірлердің мазмұнын жүйелі кодтау және жиілік тұрғысынан талдау арқылы қоғамдық қабылдау мен позициялық бөліну құрылымын айқындауға мүмкіндік береді (Alafwan et al., 2023; Krippendorff, 2018).

Контент-анализдің негізгі бірлігі ретінде жеке пікір алынды. Барлық жиналған пікірлер мәтін түрінде кодталып, семантикалық және мағыналық ұқсастығына қарай бірнеше аналитикалық категорияларға бөлінді. Кодтау процесі дедуктивті тәсілмен жүргізілді, яғни фреймдер алдын ала теориялық негізге сүйене отырып анықталды. Зерттеу сұрағына сәйкес фреймдер соғысты түсіндіретін кең тараған интерпретациялық нарративтерді және пайдаланушылардың пікірлерінде көрінетін әртүрлі позициялық ұстанымдарды ескере отырып құрылды.

Мұндай тәсіл соғысқа қатысты әлеуметтік медиа дискурсын талдаған зерттеулерде жиі кездеседі: онлайн-коммуникацияда соғыс туралы мәтіндерді «pro-war/anti-war» бағыттарымен немесе «pro-/anti-regime» фреймдері арқылы ажыратып, аудитория пікіріндегі позициялық айырмашылықтарды талдаудың маңызды аналитикалық өлшемі ретінде қарастыратын еңбектер бар (Alyukov et al., 2023; Urman, 2025). Сонымен қатар, соғыс дискурсында жауапкершілікті сыртқы акторларға аудару, әсіресе «Батысты кінәлау/антибатыс» риторикасын дербес фрейм ретінде бөліп көрсету тәжірибесі де ғылыми әдебиетте сипатталған (Kobilke, 2023). Осы әдістемелік логикаға сәйкес төмендегідей фрейм категориялары белгіленді: Ресейді қолдау фреймі, Украинаны қолдау фреймі, антисоғыс/бейбітшілік фреймі, скептикалық/бейтарап фрейм, Батысқа қарсы/антибатыс фреймі. Бұл категориялар пікірлердегі интерпретациялық ұстанымдардың әртүрлілігін жүйелі түрде кодтауға және пайдаланушылардың соғысқа қатысты бағалаулары мен позициялық айырмашылықтарын эмпирикалық деңгейде талдауға мүмкіндік береді (NATO StratCom COE, 2014).

Сандық талдау нәтижелері негізінде аудитория пікірлерінің идеологиялық бағыттары, эмоционалдық реңі және пайдаланушылардың соғысқа қатысты ұстанымдары мен бағалауларындағы айырмашылықтар айқындалды. Зерттеу барысында деректердің шынайылығы мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін тек ашық және жалпыға қолжетімді пікірлер ғана пайдаланылды. Пікір мәтіндері еш өзгеріссіз алынып, тек мазмұндық және сандық тұрғыдан жүйеленді. Бұл тәсіл әлеуметтік медиадағы қоғамдық дискурсты эмпирикалық тұрғыда талдауға мүмкіндік береді және соғыс тақырыбына қатысты аудитория көзқарастарының әртүрлі медиалық интерпретацияларын көрсетуге бағытталған.

Осы зерттеуде қолданылған контент-анализ және фреймингке негізделген дедуктивті кодтау тәсілі әлеуметтік желілердегі саяси дискурсты және соғыс тақырыбындағы қоғамдық пікірдің әртүрлі интерпретацияларын талдауда кеңінен пайдаланылатын әдістемелік бағытқа сәйкес келеді. Бұл тәсіл пайдаланушылардың соғысқа қатысты ұстанымдары мен бағалауларындағы айырмашылықтарды жүйелі түрде анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл теориялық негіз кейінгі эмпирикалық зерттеулерде дедуктивті кодтау арқылы фреймдерді алдын ала айқындауға мүмкіндік берді. Осы бағытта Д'Анжело және Куйперс (2010) жаңалық мәтіндерін және қоғамдық пікірді талдауда алдын ала анықталған фрейм категорияларын қолдану ғылыми нәтижелердің жүйелілігі мен салыстырмалылығын арттыратынын көрсетті. Ал Маттес пен Коринг (2008) медиалық мәтіндер мен онлайн пікірлерді семантикалық бірліктер арқылы жүйелі кодтауға мүмкіндік беретін контент-анализ

тәсілін ұсынды. Осы әдістемелік логикаға сүйене отырып, бұл зерттеуде эмоциялық реңк те фреймдерден бөлек қосымша айнымалы ретінде кодталды: бағалауыш лексика (мақұлдау/айыптау), дискурстық актілер (кекесін, агрессия) және паралингвистикалық маркерлер (эмодзи, CAPS, көп леп/сұрақ белгісі) эмоцияның көрсеткіші ретінде тіркелді (Matthes & Kohring, 2008). Мәселен, қолдау/мақұлдау эмоциясы ұрандық формулалар мен эмодзи арқылы (“Слава Украине!!!UAUAUA”) белгіленсе, анτισоғыс/бейбітшілік реңкі соғысты тоқтатуға шақыратын лексика арқылы (“🛑 stopWar! Stop putin!!! ❌❌❌”, “Нет войне💙💛”) айқындалды. Агрессия/айыптау эмоциясы қатқыл бағалау мен бас әріппен (CAPS) жазу арқылы (“ТЕКСІЗ ТУЫЛҒАН ПУТИН ТОҚТАТУ СОҒЫСТЫ...”) кодталды, ал күдік/скепсис реңкі оқиғаны “қойылым” деп сипаттайтын тұжырымдар арқылы (“Постановка!!!...”) тіркелді.

Әлеуметтік желілердегі соғыс дискурсын эмпирикалық тұрғыда талдаған зерттеулер де бұл тәсілдің тиімділігін дәлелдейді. Мысалы Ожала, Пантти және Кангас (2018) Украина дағдарысы контексінде журналистер мен аудитория арасындағы өзара әрекетті зерттеп, әлеуметтік медидағы пікірлердің идеологиялық жіктелу мен эмоционалдық поляризацияны айқын көрсететінін анықтады. Сонымен қатар, Вольфсфельд, Сегев және Шифер (2013) әлеуметтік желілер қақтығыстарды қабылдау мен интерпретациялауда маңызды платформаға айналып, қоғамдық пікірдің саяси поляризациясына елеулі ықпал ететінін көрсетті.

Соғыс тақырыбының медидағы репрезентациясы мен журналистік интерпретациясын кешенді тұрғыда талдаған Блэксин (2025) еңбегіне жасалған ғылыми шолу да (Allan, 2025) қазіргі жаһандық қақтығыстарды жариялауда медианың фреймдік құрылымдары қоғамдық дискурсты қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді.

Осы еңбектерге сүйене отырып, аталмыш зерттеуде қолданылған контент-анализ бен фрейминг тәсілдерінің үйлесімі Instagram платформасындағы пікірлер арқылы қалыптасатын қоғамдық дискурсты, идеологиялық бағдарларды және поляризация деңгейін эмпирикалық тұрғыда жүйелі түрде талдауға мүмкіндік береді. Бұл әдістеме Ресей-Украина соғысына қатысты медиалық кеңістіктегі пікір алуандығын, эмоциялық реңктерді және идеологиялық карама-қарсылықтарды айқындауға бағытталған.

## Зерттеу нәтижелері

### *Деректер корпусы және кодтау өлшемдері*

Бұл зерттеу Азаттық радиосының Instagram парақшасында Ресей-Украина соғысына қатысты жарияланған 5021 пікірге контент анализ жасады. Бұл пікірлердің ішінде 2896 пікір мәтін түрінде емес, эмодзи ретінде берілді. Корпус екі уақыттық кезеңге бөлінді: (1) 2022 жыл - соғыс басталған алғашқы кезеңдегі 3469 пікір (3 пост) (4,6,9 наурыз); (2) 2023 жыл - соғысқа бір жыл толғаннан кейінгі 1662 пікір (2 пост) (22 ақпан және 27 ақпан). Осы уақыт кезеңінде ең көп пікір жазылған.

Контент-анализдің негізгі бірлігі – жеке пікір. Әр пікір бір мезетте екі өлшеммен кодталды: (А) *фреймдік категориялар* (5): Ресейді қолдау; Украинаны қолдау; Анτισоғыс/бейбітшілік; Скептикалық/бейтарап; Батысқа қарсы/антибатыстық. Ә) *Эмоциялық категориялар* (5) бұл зерттеуде дайын бір шкаланы көшіріп алу арқылы емес, эмоцияларды дискретті түрде жіктейтін кең тараған типологияларға сүйене отырып және Instagram пікір дискурсына бейімдеп ықшамдау арқылы жасалды. Нақтырақ айтқанда, ашу/агрессия, қорқыныш/үрей, қайғы/жанашырлық сияқты негізгі эмоциялар базалық эмоциялар туралы классикалық жіктеулерде жиі қолданылатын өзек категорияларға сәйкес келеді (Ekman, n.d.; Mohammad, n.d.). Ал цинизм/сарказм және рационал/эмоциясы әлсіз санаттары әлеуметтік

желідегі саяси пікірлерде эмоцияның тек “қуану-ренжу” деңгейімен шектелмей, кекесін/қашықтау немесе төмен аффективті (нейтралға жақын) тональдік арқылы да көрінетінін ескеріп, дискурстық реңкті дәл тіркеу үшін енгізілді (Gennaro & Ash, 2022)

Фреймдердің жалпы жиілігін талдау пікірлер кеңістігінің құрылымын және қандай айырмашылықтар байқалатынын айқындауға мүмкіндік берді. Жалпы корпус бойынша ең жиі кездескен фрейм - Украинаны қолдау (антиимпериялық) фреймі, ол 2022 және 2023 кезеңдерінің екеуінде де жетекші орын алды (әр кезеңде 44%). Бұл фреймге жататын пікірлер Украина тарапын «жәбірленуші», ал Ресей тарапын «агрессор» ретінде бейнелейтін моральдық бинарлық құрылымға сүйенеді. 2022 жылғы ерте кезеңде бұл позиция көбіне гуманитарлық сезімталдықпен және моральдық айыптаумен (соғыстың әділетсіздігі, құрбандар трагедиясы, бейбіт тұрғындарға жанашырлық) күшейсе, 2023 жылы оның ішкі мазмұны кеңейіп, антиимпериялық және тарихи аргументтермен толыққан. Яғни фрейм үлесі тұрақты болғанымен, оның дискурстық өзегі бір жыл ішінде гуманитарлық-эмпатиялық реңктен саяси-тарихи түсіндіруге қарай ығысқанын көреміз.

Екінші жиі кездескен фрейм – Ресейді қолдау фреймі, алайда оның үлесі уақыт бойынша төмендеу тенденциясын көрсетті: 2022 жылы 26% болған бұл көрсеткіш 2023 жылы 21%-ға азайды. Бұл дерек аудиторияның бір бөлігі үшін ресейлік интерпретацияның сақталғанын, бірақ салыстырмалы салмағы төмендегенін аңғартады. Ресейді қолдау фрейміндегі пікірлер көбіне соғысты «мәжбүрлі қорғаныс», «қауіпсіздікті сақтау», «сыртқы қысымға жауап» ретінде түсіндіруге ұмтылады және Украина мен Батысқа жауапкершілік жүктеу арқылы Ресей әрекетін ақтауға негізделеді. 2023 жылға қарай бұл фреймнің әлсіреуі, бір жағынан, аудиторияның соғыс барысы туралы жинақталған тәжірибесіне, екінші жағынан, қарсы фреймдердің (антиимпериялық және антибатыстық) коммуникациялық белсенділігіне байланысты болуы мүмкін.

Үшінші маңызды бағыт – Батысқа қарсы/антибатыс фреймі. Оның жалпы үлесі 2022 жылдан 2023 жылға қарай айқын өсті: 2022 жылы 14% болса, 2023 жылы 20%-ға жетті. Бұл динамика соғыс туралы түсіндірулердің бір бөлігінде Батысты (АҚШ, НАТО, Еуропалық Одақ) негізгі қозғаушы күш ретінде бейнелеу тәсілінің күшейгенін көрсетеді. Антибатыстық фрейм көбіне геосаяси реализм логикасына сүйеніп, соғысты «үлкен ойын», «ықпал үшін күрес», «ақпараттық манипуляция» ретінде түсіндіреді. Мұнда соғыстың гуманитарлық салдары көбіне екінші қатарға ығысады да, басты назар «кім басқарды/кім ұйымдастырды?» деген сұраққа ауысады. Әсіресе 2023 жылдың ақпан айындағы посттарда ресми мәлімдемелер мен халықаралық риторикаға реакция ретінде антибатыстық түсіндірулер жиірек көрінеді. Бұл фреймнің контенттік триггерлерге (пост тақырыбына) сезімтал екенін аңғартады.

Антисоғыс/бейбітшілік фреймі екі кезеңде де бірдей деңгейде қалды (әр кезеңде 10%), яғни уақыт өте оның үлесі айтарлықтай өзгермеген. Бұл фреймге соғыстың өзін түбегейлі айыптайтын, «қай тараптықы дұрыс?» дегеннен гөрі «соғыстың тоқтауы маңызды» деген гуманитарлық-этикалық ұстанымдағы пікірлер жатады. Үлестің тұрақтылығы бейбітшілік дискурсының пікірталас кеңістігінде үздіксіз бар екенін көрсетеді. Алайда оның салыстырмалы түрде төмен болуы пікірлер кеңістігінде айқын позициялық айырмашылықтар байқалатын жағдайда «үшінші позицияның» шектеулі үлеске ие болатынын көрсетеді.

Үлесі ең төмен категория – скептикалық/бейтарап фрейм. Ол 2022 жылы 6% болса, 2023 жылы 5%-ға төмендеді. Бұл нәтиже пікір жазушылардың басым бөлігі бейтарап бақылаушы позициясында қалмайтынын, керісінше, бір тарапқа жақтасып немесе кем дегенде нақты интерпретациялық бағытты қолдап пікір білдіретінін көрсетеді. Скептикалық пікірлер көбіне ақпарат көздеріне сенімсіздік, «екі жақ та кінәлі» логикасы, немесе нақты позициядан қашу



*2022 жылғы пікірлердің эмоциялық реңкі*

2022 жылғы пікірлерде эмоциялық реңк әсіресе жоғары. Соғыс басталған сәт «шок» әсерімен ұштасып, ашу мен жанашырлық үлесі басым болды.

**Кесте 2.** *2022 жылғы пікірлердің эмоциялық реңкі*

Эмоциялық категория	Үлесі (%)	Мысал пікірлер (N...)
Ашу / агрессия	45	N743: «ТЕКСІЗ ТУЫЛҒАН ПУТИН ТОКТАТУ СОҒЫСТЫ.СЕНІ ӨЗІҢДІ ҚУРТУ КК» \nN690: «Орыстар егер екінші дүние соғысы болмағанда қазақ халқын жойып жіберетін еді,Геноцид 🤬»
Қайғы / жанашырлық	22	N739: «Қазақ жерлестерімдім корип козиме жас толды 🙄, Алға қазақ халқым, қазақ елим, қазақ жерім 🙄» \nN689: «Халық қан жылап отырғанда қайдағы той,қайдағы ән, қайдағы күй?»
Қорқыныш / үрей	12	N746: «... алаңға шығамыз деп Украйыннаның күнін кешпейік.» \nN691: «... Алла сақтасын. ... Америка Орта Азия мемлекеттеріне жақсы нәрсе ақелмейді түбі.»
Цинизм / сарказм	11	N740: «Цирк» \nN684: «Лучше бы шли работать)))»
Рационал / эмоциясы әлсіз	10	N688: «Қазахи ,пожалуйста,успокойтесь!» \nN741: «Митинг за мир? За дружбу? При этом поливать так Путина??? 🙄»
Барлығы	100	

Ескерту. Үлестер 2022 жылғы 3 пост пікірлерін кодтау нәтижесі бойынша есептелген.

Ашу/агрессия көбіне тікелей айыптау және қарсы тарапты моральдық тұрғыдан кінәлау арқылы беріледі. Қайғы/жанашырлық соғыс құрбандарына эмоциялық қолдау білдіру, бейбіт тұрғындарға жаны ашу және «соғыс бітсе екен» деген тілек арқылы байқалады.

*2023 жылғы пікірлердің фреймдік құрылымы*

2023 жылғы пікірлер соғыс басталғанына бір жыл толғаннан кейінгі кезеңді сипаттайды. Бұл кезеңде фреймдік қақтығыс сақталғанымен, кей фреймдердің ішкі мазмұны өзгеріп, антиимпериялық және тарихи аргументтер жиілей түседі.

**Кесте 3. 2023 жылғы пікірлердің фреймдік талдауы**

Фрейм категориясы	Үлесі (%)	Мысал пікірлер (N...)
Украинаны қолдау / антиимпериялық фрейм	44	N252: «Все империй рано или поздно разваливаются, эта участь ждёт и РФ...» \nN220: «...Путин... соғысты өзі бастады... жасасын Украин халқы»
Ресейді қолдау фреймі	21	N515: «Россия 🤝🤝🤝 Путин 👍👍👍» \nN214: «Россия мы с вами KZ 🇰🇿 RU 🇷🇺 🙏👍»
Батысқа қарсы / антибатыс фреймі	20	N513: «Не было бы России уже бы давно под Америкой ходили как рабы!» \nN516: «Азаттық это проект Америки... ...они хотят оранжевую революцию...»
Антисоғыс / бейбітшілік фреймі	10	N511: «Соғыс боламасын нет войны» \nN268: «...соғысты тоқтат... көршілеріңе тиспей...»
Скептикалық / бейтарап фрейм	5	N217: «Сасқан үйрек артымен жүзеді» \nN199: «Путиннин жолдау бизге не керек»
Барлығы	100	

Ескерту. Үлестер 2023 жылғы 2 пост (22 және 27 ақпан) пікірлерін кодтау нәтижесі бойынша есептелген.

**2023 жылғы пікірлердің эмоциялық реңкі**

2023 жылғы пікірлердің ең айқын ерекшелігі – эмоциялық реңктің трансформациясы: ашудан гөрі цинизм/сарказм басым эмоцияға айналады.

**Кесте 4. 2023 жылғы пікірлердің эмоциялық реңкі (%)**

Эмоциялық категория	Үлесі (%)	Мысал пікірлер (N...)
Цинизм / сарказм	36	N7: «🙄🙄🙄🙄🙄🙄🙄» \nN14: «😂😂😂 алжыды мынау»
Ашу / агрессия	28	N6: «Құрып кетсін путині де рессейі де» \nN12: «Путин өзі нағыз нацис терорис канішер»
Рационал / скептикалық	15	N17: «...если сравнить фактическое положение дел с цифрами многое не сходится...» \nN11: «Батыс анау деди, мынау деди, факт жок бырак, факт соғысты озин бастадын, мине сол факт»

Қайғы / жанашырлық	11	N41: «...бұлардың кесірінен қаншама қарапайым жандар зардап шегіп және қырылып жатыр.» \nN88: «Погибают малые народы...»
Қорқыныш / үрей	10	N156: «...бізге де соғыс ашады...» \nN249: «...она опасна для соседей...»
Барлығы	100	

Ескерту. Үлестер 2023 жылғы 2 пост пікірлерін кодтау нәтижесі бойынша есептелген.

#### 2022 және 2023: фреймдердің уақыт бойынша салыстырмасы

Фреймдердің үлестік құрылымында түбегейлі ауысу байқалмайды, алайда 2023 жылы ресейді қолдау үлесі төмендеп, антибатыс дискурсы күшейген. Украинаны қолдау фреймі үлестік тұрғыдан тұрақты сақталғанымен, оның мазмұны гуманитарлық реңктен антиимпериялық-тарихи аргументтерге қарай кеңейеді.

#### Кесте 5. Фреймдердің уақыт бойынша салыстырмасы (%)

Фрейм	2022 (%)	2023 (%)	Динамика
Украинаны қолдау / антиимпериялық	44	44	тұрақты (мазмұны өзгерген)
Ресейді қолдау	26	21	төмендеу
Антибатыс	14	20	өсу
Антисоғыс / бейбітшілік	10	10	тұрақты
Скептикалық / бейтарап	6	5	аздап төмендеу

Ескерту. Үлестер тиісті кезеңдердегі посттар пікірлерін кодтау нәтижесіне негізделген.

#### 2022 және 2023: эмоциялық реңктің уақыт бойынша салыстырмасы

Екі кезеңнің эмоциялық құрылымындағы айырмашылық айқын: 2022 жылы ашу/агрессия мен жанашырлық үстем болса, 2023 жылы цинизм/сарказм доминантқа айналады, ал жанашырлық екі есе төмендеді.

#### Кесте 6. Эмоциялық реңктің уақыт бойынша салыстырмасы (%)

Эмоция	2022 (%)	2023 (%)	Динамика
Ашу / агрессия	45	28	төмендеу
Қайғы / жанашырлық	22	11	екі есе төмендеу
Қорқыныш / үрей	12	10	аздап төмендеу
Цинизм / сарказм	11	36	күрт өсу

Рационал / эмоциясы әлсіз	10	15	есу
------------------------------	----	----	-----

Ескерту. Үлестер тиісті кезеңдердегі посттар пікірлерін кодтау нәтижесіне негізделген.

2023 ішіндегі салыстыру: 22 ақпан және 27 ақпан

2023 жылғы екі пост бір кезеңге жатса да, тақырыптық фокус әртүрлі болғандықтан, фреймдік және эмоциялық құрылымда да айырма бар.

**Кесте 7.** 2023 посттары бойынша фреймдер (%)

Фрейм	22 ақпан 2023 (%)	27 ақпан 2023 (%)
Украинаны қолдау / антиимпериялық	42	46
Ресейді қолдау	21	12
Антибатыс	19	21
Антисоғыс / бейбітшілік	10	9
Скептикалық / бейтарап	8	12
Барлығы	100	100

Ескерту. Үлестер әр посттың пікірлерін жеке кодтау нәтижесіне негізделген.

**Кесте 8.** 2023 посттары бойынша эмоциялар (%)

Эмоция	22 ақпан 2023 (%)	27 ақпан 2023 (%)
Цинизм / сарказм	34	38
Ашу / агрессия	27	29
Рационал / скептикалық	16	15
Қайғы / жанашырлық	11	10
Қорқыныш / үрей	12	8
Барлығы	100	100

Ескерту. Үлестер әр посттың пікірлерін жеке кодтау нәтижесіне негізделген.

Жалпы алғанда, пікірлердің фреймдік құрылымы екі кезеңде де поляризацияланған кеңістіктің сақталғанын көрсетеді: Украинаны қолдау/антиимпериялық және Ресейді қолдау/антибатыстық бағыттар пікірталаста бәсекелеседі. Эмоциялық деңгейде негізгі өзгеріс байқалды: 2022 жылы пікірлердің өзегі ашу мен жанашырлық болса, 2023 жылы сарказм/цинизм доминантқа айналды.

## Талқылау

Бұл бөлімде зерттеу нәтижелері теориялық тұжырымдармен байланыстырыла отырып түсіндіріледі және Instagram пікірлеріндегі фреймдер мен эмоциялық реңктің уақыт бойынша өзгеру логикасы талқыланады. Талқылау фрейминг теориясының (Entman, 1993) негізгі қағидаларына, Papacharissi (2014) сипаттаған «аффективті публиктер» ұғымына және онлайн пікірталастардың жиі инцивильді сипат алатыны туралы тұжырымдарға (Coe, Kenski & Rains, 2014) сүйенеді. Сонымен бірге Қазақстанның ақпараттық кеңістігіндегі сыртқы ақпарат

көздерінің ықпалы және соғыс тақырыбының геосаяси мәні ескеріліп, нәтижелердің контекстік түсіндірмесі беріледі.

*Фрейминг және мағынаны ұйымдастыру: «не маңызды?» және «кім кінәлі?»*

Зерттеу нәтижелері соғыс тақырыбындағы пікірлер «өздігінен» бейтарап талқыландығының, керісінше мағынаның белгілі бір интерпретациялық шеңберлер арқылы ұйымдастырылатынын көрсетті. Энтман (1993) бойынша фрейм – ақпараттың кей элементтерін іріктеп (selection) ерекше айқындау (salience) арқылы аудиторияға оқиғаны түсіндірудің «дайын» схемасын ұсынатын құрылым. Бұл зерттеуде фреймдер ең алдымен екі әрекет арқылы көрінеді: (а) мәселені анықтау (соғыс - агрессия ма, қорғаныс па?) және (ә) себеп пен жауапкершілікті бекіту (кім бастады? кім кінәлі?).

Украинаны қолдау/антиимпериялық фреймнің жетекші болуы аудиторияның едәуір бөлігі үшін соғыс «агрессор-құрбан» бинарлы схемасында мағыналанатынын білдіреді. Мұндай схема моральдық тұрғыда түсінікті: ол әрекеттің этикалық бағасын тез қалыптастырады, ал тараптарды айқын ажыратады. Дегенмен, уақыттық салыстыру У краинаны қолдау фреймінің ішкі мазмұны тұрақты емес екенін көрсетті: 2022 жылы ол көбіне гуманитарлық-эмпатиялық аргументтерге (қайғы, жанашырлық, әділетсіздікке реакция) сүйенсе, 2023 жылы антиимпериялық және тарихи аргументтер (отарлау тәжірибесі, геосаяси қауіп, империялық кеңістіктің «кұлауы» туралы ойлар) жиілейді. Яғни фрейм үлесі сақталғанымен, оның «негіздеу» репертуары өзгеріп, гуманитарлық дискурс саяси-тарихи түсіндірулермен толыққан.

Қоғамдық-саяси оқиғалардың бұқаралық ақпарат құралдарында ұсынылуы медиа және саяси коммуникация саласындағы маңызды зерттеу бағыттарының бірі болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралдары әлеуметтік шындықты тек сипаттап қана қоймай, оны белгілі бір мағыналық құрылымдар арқылы түсіндіреді және қалыптастырады. Осы тұрғыда саяси дағдарыстар мен жаппай наразылықтар медиада бейтарап түрде емес, интерпретациялық шеңберлер фреймдер арқылы репрезентацияланады. Фрейм ұғымының теориялық негізін қалаған Э. Гоффман фреймдерді әлеуметтік тәжірибені ұйымдастыруға мүмкіндік беретін интерпретациялық құрылымдар ретінде сипаттайды (Goffman, 1974). Оның пікірінше, фреймдер адамдардың әлеуметтік жағдайларды қалай қабылдайтынын, қандай аспектілерге назар аударатынын және оқиғаларды қалай мағыналандыратынын айқындайды. Бұл тұжырым фреймдердің қоғамдық құбылыстарды қабылдау және түсіндірудегі маңызын көрсетіп, оларды әлеуметтік шындықты бейнелеудің негізгі тәсілдерінің бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Гоффманның тұжырымдамасы кейін бұқаралық коммуникация саласында кеңінен дамытылды. Осы бағытта маңызды үлес қосқан Р. Энтман фреймдерді ақпаратты іріктеу және оны ерекше атап көрсету арқылы проблеманы анықтау, себептерін түсіндіру, моральдық баға беру және ықтимал шешімдерді ұсыну үдерісі ретінде анықтайды (Entman, 1993). Энтманның пайымдауынша, медиадағы фреймдер тек қандай ақпарат берілетінін ғана емес, сол ақпараттың қандай интерпретацияда ұсынылатынын да белгілейді. Бұл тәсіл фреймдердің саяси коммуникациядағы ықпалын айқындайды. Сонымен қатар фрейминг теориясының дамуына У. Гэмсон мен А. Модильянидің зерттеулері де маңызды үлес қосты. Авторлар медиадағы фреймдерді қоғамдық мәселелерді түсіндірудің мәдени интерпретациялық үлгілері ретінде қарастырады. Олардың пікірінше, медиа белгілі бір оқиғаларды түсіндіру барысында символдық құрылымдар мен дискурстық стратегияларды қолданады (Gamson & Modigliani, 1989). Бұл тәсіл медиадағы саяси оқиғалардың қоғамдық қабылдануына ақпараттық интерпретациялардың қалай әсер ететінін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Медиадағы репрезентация мәселесін теориялық тұрғыда негіздеген С. Холл жаңалық мәтіндерін әлеуметтік шындықтың бейтарап көрінісі емес, мағынаны өндіру процесі ретінде қарастырады (Hall, 1997). Холлдың пікірінше, репрезентация белгілі бір мәдени және идеологиялық контексте қалыптасады. Осыған байланысты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ұсынылатын саяси оқиғалар белгілі бір дискурстық үлгілерге сәйкес мағыналандырылады. Бұл тәсіл халықаралық медиадағы саяси репрезентацияны талдауда маңызды теориялық негіз болып табылады. Наразылық қозғалыстарын түсіндіруде фреймдердің ролін зерттеген Сноу мен Бенфорд фреймдерді ұжымдық әрекетті мағыналандыратын дискурстық құрылымдар ретінде сипаттайды (Snow & Benford, 1992). Олардың зерттеулерінде наразылық фреймдері әлеуметтік әділетсіздік, саяси талаптар және легитимділік ұғымдарымен тығыз байланыстырылады. Бұл теориялық көзқарас наразылықтарды тек тәртіпсіздік немесе қауіп ретінде емес, әлеуметтік мағынасы бар құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Фрейм және репрезентация теорияларын біріктіре қарастыру саяси оқиғалардың медиада қалай құрылымдалатынын, қандай аспектілердің басым көрсетілетінін және қандай мағыналардың екінші орынға ығыстырылатынын анықтауға мүмкіндік береді. Фреймдер арқылы белгілі бір интерпретациялар күшейтіліп, балама түсіндірулер шеттетілуі мүмкін. Осы тұрғыда медиадағы репрезентация билік, идеология және қоғамдық пікір қалыптастыру процестерімен тығыз байланысты. Осылайша, Гоффман, Энтман, Холл және Сноу мен Бенфорд, сондай-ақ Гэмсон мен Модильяни ұсынған теориялық тұжырымдамалар саяси оқиғалардың медиадағы репрезентациясын талдауға берік әдіснамалық негіз қалыптастырады. Бұл теориялық шеңбер Қаңтар оқиғасының халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарында қалай фреймделгенін түсіндіруге және зерттеудің аналитикалық бағытын айқындауға мүмкіндік береді.

## Зерттеу әдіснамасы

Бұл зерттеу 2022 жылы Қазақстанда орын алған Қаңтар оқиғасының халықаралық медиадағы репрезентациясын талдауға бағытталған және сапалық контент-талдау мен фреймдік талдау әдістеріне негізделеді. Зерттеудің басты мақсаты – Батыстың жетекші медиалары Қаңтар оқиғасын қандай интерпретациялық құрылымдар арқылы ұсынғанын және қандай фреймдерге басымдық бергенін анықтау. Зерттеу нысаны ретінде екі ықпалды халықаралық басылым – The New York Times және Financial Times таңдалды. Бұл медиалар Батыс ақпараттық кеңістігінде жоғары беделге ие және халықаралық аудиторияға бағытталған саяси-талдамалық мазмұн ұсынумен ерекшеленеді. Аталған басылымдарды таңдау олардың редакциялық саясатындағы айырмашылықтарды, сондай-ақ Қаңтар оқиғасын түсіндірудегі интерпретациялық ерекшеліктерді салыстыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің эмпирикалық базасын 2022 жылғы қаңтар айында жарияланған материалдар құрайды. Уақыттық шеңбер Қаңтар оқиғасының басталуынан бастап оның халықаралық медиада кеңінен талқыланған кезеңін қамтиды. Осы аралықта The New York Times пен Financial Times сайттарында жарияланған жаңалықтар, аналитикалық мақалалар мен саяси шолулар іріктеліп алынды. Іріктеу барысында Қаңтар оқиғасына тікелей қатысты материалдар ғана зерттеуге енгізілді. Деректерді жинау процесі мақсатты іріктеу (purposive sampling) әдісі арқылы жүзеге асырылды. Бұл тәсіл зерттеу мақсатына сәйкес келетін, мазмұны жағынан репрезентативті мәтіндерді таңдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар зерттеуде қолданылған халықаралық медиаматериалдардың дереккөздеріне де назар аударылды. The New York Times және Financial Times басылымдары Қаңтар оқиғасы кезінде Қазақстандағы жағдай туралы ақпаратты бірнеше арна арқылы алған. Біріншіден, бұл басылымдардың халықаралық тілшілері мен аймақтық корреспонденттері пайдаланылды. Екіншіден, материалдарда халықаралық ақпарат агенттіктерінің (Reuters, Associated Press) мәліметтері жиі қолданылды. Үшіншіден, кейбір мақалаларда жергілікті саясаткерлердің, сарапшылардың және оқиға куәгерлерінің пікірлері келтірілді. Бұл дереккөздердің әртүрлілігі халықаралық медиадағы материалдардың мазмұнына және оқиғаның интерпретациясына тікелей әсер етеді.

Әр басылым бойынша материалдар саны теңестірілмеді, себебі зерттеудің негізгі міндеті сандық тепе-теңдік емес, фреймдердің нақты көрініс табу жиілігін анықтау болып табылады. Зерттеудің эмпирикалық базасын 2022 жылғы қаңтар айында жарияланған 11 медиаматериал құрады. Олардың ішінде алты мақала The New York Times басылымынан және бес мақала Financial Times басылымынан іріктеліп алынды. Осылайша, зерттеу барысында әр медиада басым қолданылған фреймдер табиғи түрде анықталды. Зерттеуде пайдаланылған мәтіндер мақала тілінде, яғни ағылшын тілінде талданды. Бұл шешім аударма барысында мағыналық бұрмалаулардың алдын алу және фреймдердің түпнұсқалық риторикалық құрылымын сақтау мақсатында қабылданды. Сонымен қатар, халықаралық медиадағы дискурс ерекшеліктерін дәл анықтау үшін түпнұсқа мәтіндермен жұмыс істеу маңызды деп танылды.

Зерттеу әдіснамалық тұрғыда фреймдік талдаудың классикалық тұжырымдамаларына сүйенеді. Атап айтқанда, фреймдерді қоғамдық оқиғаларды интерпретациялаудың құрылымдық тәсілі ретінде қарастыратын теориялық ұстанымдар зерттеудің негізін құрайды. Фреймдер белгілі бір оқиғаға мән беру, себептерін түсіндіру және салдарын бағалау арқылы медиалық мәтінде ерекше мағына қалыптастырады. Осы тұрғыдан алғанда, халықаралық медианың Қаңтар оқиғасын қалай сипаттағаны саяси және идеологиялық ұстанымдардың көрінісі ретінде талданды. Зерттеу деректерін жүйелеу және талдау үшін MAXQDA бағдарламасы қолданылды.

Бұл бағдарлама мәтіндік деректерді құрылымдауға, кодтауға және визуализация жасауға мүмкіндік береді. MAXQDA көмегімен әрбір мәтін фреймдер бойынша кодталып, олардың жиілік көрсеткіштері мен өзара байланыстары анықталды.

Зерттеудің негізгі аналитикалық кезеңі медиамәтіндерді фреймдер арқылы кодтауға негізделді. Фреймдік талдау медиадағы репрезентацияны құрылымдық тұрғыда анықтауға мүмкіндік беретін әдіс ретінде қарастырылды. Бұл зерттеуде фреймдер медиалық мәтіндерде белгілі бір интерпретациялық бағытты қалыптастыратын мағыналық құрылымдар ретінде түсіндірілді. Фреймдерді операцияландыру үдерісі теориялық әдебиеттерге сүйене отырып жүргізілді. Атап айтқанда, фреймдік талдаудың классикалық үлгілері (Goffman, 1974; Entman, 1993) негізінде Қаңтар оқиғасын сипаттауда жиі кездесетін интерпретациялық үлгілер анықталды.

Кодтау процесі индуктивті және дедуктивті тәсілдердің үйлесімі арқылы жүзеге асырылды. Алғашқы кезеңде теориялық әдебиеттерге сүйене отырып, бастапқы фреймдер анықталды (дедуктивті тәсіл). Кейін мәтіндерді терең оқу барысында кейбір фреймдердің ішкі мазмұны нақтыланып, олардың эмпирикалық көріністері толықтырылды (индуктивті тәсіл). Бұл әдіс фреймдердің мәтіндік контексте нақты қалай іске асатынын көрсетуге мүмкіндік берді. Зерттеуде кодтаудың негізгі бірлігі ретінде мағыналық фрагменттер алынды. Олар бір сөйлем, бірнеше сөйлем немесе тұтас абзац болуы мүмкін. Егер мәтіннің белгілі бір бөлігі нақты бір интерпретациялық бағытты айқын көрсетсе, сол фрагмент тиісті фреймге кодталды. Кодтау барысында бір мәтіндік фрагмент бірнеше фреймге қатар кодталуы мүмкін болды, себебі бір үзіндінің ішінде әртүрлі интерпретациялық логикалар тоғысып отырды. Бұл тәсіл медиамәтіндегі фреймдердің қабаттасуын және күрделі репрезентацияны көрсетуге мүмкіндік берді.

Барлық кодтау жұмысы MAXQDA бағдарламасы арқылы жүргізілді. Бағдарлама мәтіндерді жүйелі түрде өңдеуге, кодтарды құрылымдауға және олардың жиілік көрсеткіштерін автоматты түрде есептеуге мүмкіндік берді. Әрбір фрейм жеке код ретінде енгізіліп, оған сәйкес мәтіндік фрагменттер белгіленді. MAXQDA құралдары арқылы фреймдердің сандық таралуы визуализацияланып, *The New York Times* пен *Financial Times* арасындағы айырмашылықтар айқын көрсетілді. Фреймдердің жиілік көрсеткіштері зерттеудің маңызды нәтижелік индикаторы ретінде қарастырылды. Алайда зерттеу тек сандық деректермен шектелмей, әр фреймнің мазмұндық ерекшеліктерін сапалық тұрғыда талдауды да көздеді. Осылайша, қай фреймдердің басым болғаны ғана емес, олардың қандай контексте және қандай мағыналық екпінмен қолданылғаны анықталды. Зерттеудің сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында кодтау логикасы алдын ала нақты анықталды және барлық мәтіндер бірдей әдістемелік қағидаларға сәйкес талданды. Фреймдердің анықтамалары мен қолдану шекаралары зерттеу барысында өзгертілмеді. Бұл тәсіл нәтижелердің ішкі үйлесімділігін сақтауға мүмкіндік берді.


Сонымен қатар, зерттеудің белгілі бір шектеулері бар екенін атап өткен жөн. Біріншіден, зерттеу тек екі халықаралық медиамен шектеледі, сондықтан алынған нәтижелер Батыс медиасының толық көрінісін қамтымайды. Екіншіден, зерттеу ағылшын тіліндегі мәтіндерге негізделген, бұл басқа тілдік контексттердегі репрезентация ерекшеліктерін есепке алуға мүмкіндік бермейді. Дегенмен, тандалған әдіс пен деректер жиынтығы зерттеу мақсатына толық сәйкес келеді және Қаңтар оқиғасының халықаралық медиадағы фреймдік репрезентациясын терең түсіндіруге мүмкіндік береді.

## Зерттеу нәтижелері

Осы негізде зерттеу барысында алты негізгі фрейм белгіленді. Олардың бірі – қауіпсіздік және зорлық-зомбылық фреймі (security/violence frame). Бұл фреймде Қаңтар оқиғасы қоғамдық қауіпсіздікке төнген қатер ретінде репрезентацияланады. Медиа мәтіндерде күш қолдану, қарулы қақтығыстар, тәртіпсіздік, қауіпсіздік құрылымдарының әрекеттері мен зорлық-зомбылық көріністеріне басымдық беріледі. Келесі көзқарас – элиталар арасындағы билік күресі фреймі (elite power struggle frame). Аталған фреймде Қаңтар оқиғасы халықтық наразылықтан гөрі саяси элиталар арасындағы ішкі тартыстың көрінісі ретінде түсіндіріледі. Хаос және тәртіпсіздік фреймі (chaos/unrest frame) Қаңтар оқиғасын бақылаудан шыққан, ретсіз және тұрақсыз жағдай ретінде бейнелейді. Медида «анархия», «қирау», «тәртіптің жоқтығы» сияқты сипаттамалар арқылы қоғамдық тұрақсыздыққа екпін жасалады. Әлеуметтік-экономикалық наразылық фреймінде (socio-economic grievances frame) Қаңтар оқиғасының негізгі себептері халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайымен, теңсіздікпен, бағаның өсуімен және тұрмыс сапасының төмендеуімен байланыстырылады. Назылықтар әлеуметтік әділетсіздікке жауап ретінде ұсынылады. Мемлекеттік легитимділік және басқару фреймінде (state legitimacy/governance frame) мемлекет пен биліктің әрекеттері, басқару қабілеті және саяси легитимділігі негізгі назарда болады. Медида үкіметтің шешімдері, саяси жауапкершілік және басқару жүйесінің тиімділігі немесе әлсіздігі талқыланады. Назылықтың легитимділігі фреймінде (legitimacy of protest frame) қаңтар оқиғасына қатысушылардың әрекеттері заңды, негізделген және моральдық тұрғыдан ақталған наразылық ретінде репрезентацияланады. Назылық азаматтық құқықтар мен саяси талаптардың көрінісі ретінде бағаланады. Бұл фреймдер Қаңтар оқиғасын халықаралық медида ұсынудың басым логикаларын қамтиды.


Зерттеу нәтижелері халықаралық медида Қаңтар оқиғасының әртүрлі интерпретациялық фреймдер арқылы ұсынылғанын көрсетті. МАХQDA бағдарламасы арқылы жүргізілген кодтау нәтижесінде The New York Times және Financial Times материалдарында қолданылған негізгі фреймдердің жиілігі анықталды. Төмендегі диаграммада екі басылымдағы фреймдердің салыстырмалы таралуы көрсетілген.

**Диаграмма 1.** *The New York Times* фреймнің жиілігі



*Ескерту.* Автордың зерттеу нәтижелеріне сәйкес құрастырылды.

Диаграмма 2. *Financial Times* фреймның жиілігі



*Ескерту.* Автордың зерттеу нәтижелеріне сәйкес құрастырылды.

Диаграммаларда фреймдердің пайыздық үлесімен қатар жақша ішінде берілген сандық көрсеткіштер әр фрейм бойынша кодталған мәтін фрагменттерінің жалпы символдар санын көрсетеді. Бұл көрсеткіш MAXQDA бағдарламасы арқылы автоматты түрде есептеліп, белгілі бір фреймнің мәтін ішіндегі көлемдік салмағын анықтауға мүмкіндік береді.

### *The New York Times*

Жүргізілген контент-талдау нәтижесінде The New York Times басылымында 2022 жылғы Қаңтар оқиғасының репрезентациясы бірнеше негізгі фрейм арқылы жүзеге асқаны анықталды. MAXQDA бағдарламасы көмегімен кодталған мәтіндік фрагменттерді сандық өңдеу нәтижесінде әр фреймнің үлестік жиілігі белгіленді (Диаграмма 1). Аталған басылымда ең жоғары көрсеткішке ие болған фрейм – қауіпсіздік пен зорлық-зомбылық фреймі (security/violence frame), оның жалпы үлесі 26%-ды құрады. Бұл фрейм көбіне қақтығыстардың қарқынды сипатталуы, қарулы күштердің қолданылуы, тәртіп сақтау органдарының әрекеттері, сондай-ақ адам шығыны мен жарақат алғандар туралы мәліметтер арқылы көрініс тапты. Материалдарда төтенше жағдай, әскери бөлімдердің тартылуы, атыс-шабыс және қоғамдық қауіпсіздіктің бұзылуы негізгі назарда болды. Нәтижесінде Қаңтар оқиғасы оқырманға ең алдымен зорлық пен қауіп арқылы бейнеленген. Екінші орында элиталар арасындағы билік үшін күрес фреймі (elite power struggle frame) орналасып, 20% үлесті көрсетті. Бұл фрейм Қазақстандағы саяси элита ішіндегі қақтығыстарды, бұрынғы және қазіргі билік өкілдерінің арасындағы ықпал үшін күресті, сондай-ақ билік транзитіне қатысты мәселелерді қамтыды. Материалдарда Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси мұрасы, Қасым-Жомарт Тоқаевтың биліктегі орны және қауіпсіздік құрылымдарының қайта ұйымдастырылуы жиі аталды. Осылайша, оқиға ішкі саяси күрес контекстінде ұсынылды. Үшінші орын хаос пен тәртіпсіздік фрейміне (chaos / unrest frame) тиесілі болып, оның үлесі 17%-ды құрады. Бұл фрейм аясында қоғамдық тәртіптің бұзылуы, бақылаусыз наразылық, бейберекет әрекеттер мен мемлекеттік институттардың уақытша әлсіреуі сипатталды. Материалдарда елдегі тұрақсыздық, бақылаудан шыққан жағдай және белгісіздік атмосферасы басым түрде көрсетілді. Сол үлестік көрсеткішке ие болған тағы бір фрейм – әлеуметтік-экономикалық наразылықтар фреймі (socio economic grievances frame, 17%). Бұл фреймде Қаңтар оқиғасының әлеуметтік-экономикалық себептері, соның ішінде сұйытылған газ бағасының өсуі, әлеуметтік теңсіздік, халықтың тұрмыстық қиындықтары мен наразылық көңіл күйі қамтылды. Дегенмен бұл фрейм қауіпсіздік пен зорлық-зомбылық фреймімен салыстырғанда екінші қатарда қалғаны байқалады. Мемлекеттік легитимділік және басқару фреймі (state legitimacy / governance frame) The New York Times материалдарында 15%

үлесті көрсетті. Бұл фрейм биліктің дағдарыс жағдайындағы әрекеттерін, саяси шешімдердің заңдылығы мен басқару жүйесінің тиімділігін сипаттауға бағытталған. Материалдарда биліктің жауапкершілігі мен басқару қабілетіне қатысты мәселелер көтерілгенімен, олар негізгі фокусқа айналмаған.

Ең төмен көрсеткішке ие болған фрейм - наразылықтың заңдылығы фреймі (legitimacy of protest frame), оның үлесі небәрі 10%-ды құрады. Бұл фрейм аясында азаматтардың наразылық білдіру құқығы, бейбіт жиналыстардың заңдылығы және қоғамдық қолдау деңгейі шектеулі түрде көрсетілді. Нәтижесінде наразылықтың қоғамдық тұрғыдан ақталуы The New York Times дискурсында маргинал сипатта қалған. Осылайша, The New York Times басылымында Қаңтар оқиғасы негізінен қауіпсіздікке қатер төндіретін, зорлық-зомбылыққа ұласқан және элиталық саяси қақтығыстармен байланысты құбылыс ретінде репрезентацияланғаны анықталды.

### *Financial Times*

Financial Times басылымында жарияланған материалдарды контент-талдау нәтижелері бұл медиада Қаңтар оқиғасының репрезентациясы The New York Times-пен салыстырғанда өзгеше фреймдік құрылымға ие екенін көрсетті (Диаграмма 2). MAXQDA бағдарламасында жүргізілген кодтау нәтижесінде фреймдердің үлестік көрсеткіштері анықталды. Аталған басылымда ең жоғары жиілікке ие фрейм – элиталар арасындағы билік үшін күрес фреймі (elite power struggle frame). Оның үлесі 36%-ды құрады. Бұл фрейм аясында Қаңтар оқиғасы Қазақстан ішіндегі саяси элитаның қақтығысы, билік құрылымдары арасындағы текетірес және ықпал үшін күрес контекстінде сипатталды. Материалдарда биліктегі өзгерістер, қауіпсіздік құрылымдарының қайта бөлінуі, бұрынғы элитаның позициясы және президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси маневрлері жиі аталды. Осылайша, Financial Times дискурсында оқиға бірінші кезекте саяси билік конфигурациясының өзгеруі ретінде көрсетілді. Екінші орында мемлекеттік легитимділік және басқару фреймі (state legitimacy / governance frame) орналасып, оның үлесі 20%-ды құрады. Бұл фреймде мемлекет тарапынан қабылданған шешімдердің заңдылығы, басқару жүйесінің тұрақтылығы және институционалдық жауапкершілік мәселелері қамтылды. Материалдарда биліктің дағдарыс жағдайындағы әрекеттері, басқару тиімділігі және халықаралық серіктестер алдындағы жауапкершілігі жиі талқыланды. Үшінші орынды әлеуметтік-экономикалық наразылықтар фреймі (socio-economic grievances frame) иеленіп, оның үлесі 19%-ды құрады. Бұл фрейм шеңберінде Қаңтар оқиғасының әлеуметтік-экономикалық себептері: халықтың тұрмыс деңгейі, баға өсімі, әлеуметтік теңсіздік және аймақтық айырмашылықтар кеңінен көрсетілді. Материалдарда бұл факторлар оқиғаның бастапқы триггері ретінде ұсынылды.

Қауіпсіздік пен зорлық-зомбылық фреймі (security/violence frame) Financial Times материалдарында 18% үлеске ие болды. Бұл фреймде күш қолдану, әскер мен құқық қорғау органдарының әрекеттері, сондай-ақ Ұжымдық Қауіпсіздің Шарты Ұйымы (ҰҚШҰ) күштерінің Қазақстанға енгізілуі сипатталды. Дегенмен бұл фрейм The New York Times-пен салыстырғанда төменірек деңгейде көрініс тапқаны байқалады. Хаос пен тәртіпсіздік фреймі (chaos / unrest frame) Financial Times басылымында 11% үлеске ие болды. Бұл фрейм аясында қоғамдық тұрақсыздық, бейберекет наразылық және бақылаудың уақытша әлсіреуі сипатталғанымен, ол негізгі дискурстық фокусқа айналмаған. Ең төмен үлесті наразылықтың заңдылығы фреймі (legitimacy of protest frame) көрсетті (8%). Бұл фреймде азаматтардың наразылық білдіру құқығы мен қоғамдық талаптардың заңдылығы шектеулі түрде ғана қамтылды. Материалдарда наразылықтың моральдық немесе саяси тұрғыдан ақталуына басымдық берілмеген.

Жалпы алғанда, Financial Times басылымында Қаңтар оқиғасы қауіпсіздік мәселесінен гөрі саяси-экономикалық және институционалдық дағдарыс ретінде репрезентацияланғаны анықталды. Фреймдердің үлестік құрылымы бұл медианың оқиғаны халықаралық саяси және экономикалық контекстте түсіндіруге басымдық бергенін көрсетеді.

## Талқылау

Зерттеу нәтижелері бұған дейінгі ғылыми еңбектермен белгілі бір дәрежеде сәйкес келеді. Мысалы, Mussa, Myssayeva және Brown (2025) халықаралық медиада қақтығыстарды репрезентациялау барысында қауіпсіздік пен тұрақсыздық фреймдерінің жиі қолданылатынын атап өткен. Бұл зерттеудің нәтижелері де The New York Times материалдарында қауіпсіздік пен зорлық-зомбылық фреймінің басымдығын көрсетіп, аталған тұжырымды эмпирикалық тұрғыда растайды. Сонымен қатар, Карибаева мен Лемон (2023) Қаңтар оқиғасын саяси элиталар арасындағы қайта конфигурация контекстінде қарастырған. Financial Times материалдарында элиталық билік күресі фреймінің жоғары үлесі бұл интерпретацияның халықаралық медиада да кең таралғанын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері The New York Times пен Financial Times басылымдарының Қаңтар оқиғасын репрезентациялауда фреймдерді қолдану логикасы жағынан елеулі айырмашылықтарға ие екенін көрсетті. Бұл айырмашылықтарды түсіндіру үшін екі басылымның ұлттық, саяси және институционалдық контекстін ескеру маңызды. The New York Times – АҚШ-тың жетекші ұлттық газеті ретінде халықаралық оқиғаларды көбіне қауіпсіздік, зорлық-зомбылық және демократиялық құндылықтар тұрғысынан сипаттайды. Зерттеу нәтижелері бұл басылымда қауіпсіздік пен зорлық-зомбылық фреймінің (26%) ең жоғары үлеске ие болғанын көрсетті. Бұл АҚШ медиасына тән дағдарыстық оқиғаларды әскери, күштік және қауіпсіздік перспективасынан түсіндіру дәстүрімен сәйкес келеді. Қаңтар оқиғасы The New York Times материалдарында қоғамдық тәртіптің бұзылуы, қақтығыстар, күш қолдану және халықаралық қауіпсіздікке төнген қатер ретінде ұсынылды. Сонымен қатар, The New York Times басылымында элиталар арасындағы билік үшін күрес фреймі (20%) және хаос пен тәртіпсіздік фреймі (17%) де елеулі орын алды. Бұл фреймдер оқиғаны саяси тұрақсыздық пен институционалдық әлсіздік тұрғысынан көрсетуге бағытталған. Мұндай репрезентация АҚШ медиасының посткеңестік кеңістіктегі оқиғаларды көбіне демократиялық транзит, элиталық бәсекелестік және басқару дағдарысы арқылы интерпретациялау үрдісін көрсетеді. Ал Financial Times – Ұлыбританияның іскерлік және экономикалық бағыттағы халықаралық басылымы ретінде Қаңтар оқиғасын өзге дискурстық шеңберде сипаттағаны байқалады. Бұл басылымда ең басым фрейм ретінде элиталар арасындағы билік үшін күрес фреймі (36%) анықталды. Мұндай фреймдік басымдық оқиғаны қауіпсіздік мәселесінен гөрі саяси-экономикалық жүйедегі өзгерістер, элиталық қайта конфигурация және басқару құрылымдарының трансформациясы ретінде түсіндіруге бағытталған. Financial Times материалдарында мемлекеттік легитимділік және басқару фреймі (20%) мен әлеуметтік-экономикалық наразылықтар фреймі (19%) де жоғары үлеске ие болды. Ұлыбритания медиасы үшін саяси дағдарыстың экономикалық салдары мен басқару сапасы басты назарда болғаны байқалады.

Екі басылым арасындағы айырмашылықты салыстырмалы түрде қарастырғанда, The New York Times оқиғаны көбіне қауіпсіздікке төнген қатер және қоғамдық тәртіптің бұзылуы ретінде репрезентацияласа, Financial Times оны элиталық билік қатынастары мен басқару жүйесіндегі дағдарыс контекстінде түсіндірген. Бұл айырмашылықтар тек редакциялық

саясатпен ғана емес, сондай-ақ әр елдің геосаяси мүдделері мен медиалық дәстүрлерімен де тығыз байланысты. Осылайша, зерттеу нәтижелері Қаңтар оқиғасының халықаралық медиада біртекті түрде емес, әр елдің ақпараттық логикасы мен институционалдық фокусына сәйкес түрлі фреймдер арқылы ұсынылғанын көрсетеді. Бұл жағдай халықаралық медиадағы репрезентацияның салыстырмалы сипатын және фреймдік құрылымдардың ұлттық контекстке тәуелді екенін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелерін тереңірек талдау фреймдердің сандық айырмашылығы тек техникалық көрсеткіш емес, халықаралық медиада Қазақстан туралы қалыптасатын мағыналық құрылымдардың индикаторы екенін көрсетеді. The New York Times пен Financial Times материалдарында кейбір фреймдердің басым, ал кейбірінің маргинал сипат алуы Қаңтар оқиғасының интерпретациясында белгілі бір дискурстық басымдықтардың орныққанын аңғартады. Екі басылымда да наразылықтың заңдылығы фреймінің ең төмен үлеске ие болуы (NYT - 10%, FT - 8%) ерекше назар аудартады. Бұл фрейм азаматтардың саяси және әлеуметтік талаптарын легитимді әрекет ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін негізгі аналитикалық перспектива бола тұра, халықаралық медиада шектеулі түрде қолданылған. Мұндай жағдай наразылықты азаматтық құқықтар мен қоғамдық мүдделер контекстінде емес, көбіне салдар, қауіп және тұрақсыздық тұрғысынан сипаттауға алып келеді. Нәтижесінде, протест субъектілерінің дауысы екінші жоспарға ысырылып, оқиға құрылымдық себептерден гөрі дағдарыс ретінде ұсынылады. Сонымен қатар, әлеуметтік-экономикалық наразылықтар фреймі екі басылымда да салыстырмалы түрде орташа деңгейде көрініс тапты. Бұл Қаңтар оқиғасының бастапқы себептері бағаның өсуі, әлеуметтік теңсіздік, аймақтық айырмашылықтар, халықаралық медиада толыққанды басым интерпретациялық негізге айналмағанын көрсетеді. Әлеуметтік факторлардың шектеулі репрезентациясы оқиғаның күрделілігін төмендетіп, оны саяси немесе қауіпсіздік дағдарысына редуциялауға әкелуі мүмкін. The New York Times басылымындағы қауіпсіздік пен зорлық-зомбылық фреймінің жоғары үлесі Қазақстан бейнесін тұрақсыз, қауіп-қатерге толы кеңістік ретінде қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай репрезентация посткеңестік мемлекеттерді жиі «қауіп аймағы» ретінде сипаттайтын батыстық медиадискурспен үндеседі. Ал Financial Times басылымындағы элиталар арасындағы билік үшін күрес фреймінің басым болуы Қазақстанды элиталық келісімдер мен билік қайта бөлінісіне тәуелді мемлекет ретінде сипаттайды. Бұл фрейм экономикалық және инвестициялық логикаға сәйкес келеді: саяси тұрақтылық элиталардың өзара қатынастары арқылы өлшенеді. Мұндай көзқарас қоғамның рөлі мен азаматтық қатысуды екінші орынға ысырып, билікті элиталық деңгейде шоғырланған процесс ретінде ұсынады.

Екі басылымда да мемлекеттік легитимділік және басқару фреймі маңызды орын алғанымен, оның интерпретациясы әртүрлі болды. The New York Times бұл фреймді көбіне дағдарыс пен басқару әлсіздігі контекстінде қолданса, Financial Times оны институционалдық тұрақтылық пен реформалар перспективасында ұсынды. Бұл айырмашылық халықаралық медианың Қазақстанға деген функционалдық көзқарасының әртүрлілігін көрсетеді. Теориялық тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері фрейминг теориясының негізгі тұжырымдарын растайды: медиа оқиғаны тек сипаттап қоймай, оны белгілі бір мағыналық құрылымға енгізу арқылы қоғамдық қабылдауды бағыттайды. Фреймдердің тең емес таралуы халықаралық аудитория үшін Қаңтар оқиғасының белгілі бір аспектілерін күшейтіп, басқаларын көмескілендіреді. Бұл жағдай Қазақстан туралы қалыптасатын халықаралық дискурстың фрагменттелген әрі асимметриялық сипатын айқын көрсетеді. Осылайша, зерттеу Қаңтар оқиғасының халықаралық медиадағы репрезентациясы көпфреймді болғанымен, олардың қолданылу жиілігі мен логикасы елдік, институционалдық және идеологиялық факторларға тәуелді екенін дәлелдейді. Бұл

тұжырымдар медиадағы саяси оқиғаларды салыстырмалы талдаудың маңызын арттырып, болашақ зерттеулер үшін теориялық және әдіснамалық негіз қалыптастырады.

## Қорытынды

Бұл зерттеу 2022 жылғы Қаңтар оқиғасының The New York Times және Financial Times басылымдарында қалай репрезентацияланғанын фреймдік талдау негізінде салыстырмалы түрде зерделеуге бағытталды. MAXQDA бағдарламасының көмегімен жүргізілген сапалық контент-талдау нәтижелері халықаралық медиада Қаңтар оқиғасының біртекті емес, әртүрлі интерпретациялық логика арқылы ұсынылғанын көрсетті. Зерттеу нәтижелері The New York Times басылымында қауіпсіздік пен зорлық-зомбылық, хаос пен тұрақсыздық фреймдерінің басым болғанын, ал Financial Times материалдарында элиталар арасындағы билік үшін күрес, мемлекеттік басқару және институционалдық тұрақтылық фреймдеріне көбірек мән берілгенін анықтады. Бұл айырмашылықтар екі басылымның ұлттық, редакциялық және институционалдық ерекшеліктерімен, сондай-ақ АҚШ пен Ұлыбритания медиалық дәстүрлерінің айырмашылығымен байланысты екені талқылау бөлімінде негізделді. Теориялық тұрғыдан алғанда, зерттеу фрейминг және репрезентация теорияларының негізгі тұжырымдарын эмпирикалық деректер арқылы нақтылайды. Медиа оқиғаны тек баяндап қана қоймай, оны белгілі бір мағыналық шеңберге енгізу арқылы аудиторияның қабылдауын бағыттауы дөңгелектенді. Фреймдердің тең емес таралуы халықаралық аудитория үшін Қаңтар оқиғасының кейбір аспектілерін күшейтіп, ал әлеуметтік-экономикалық себептер мен наразылықтың легитимділігі сияқты қырларын шектеулі деңгейде көрсетуге алып келген.

Зерттеудің практикалық маңызы бірнеше бағытта көрінеді. Біріншіден, алынған нәтижелер халықаралық медиада Қазақстанның саяси оқиғалары қалай түсіндірілетінін түсінуге мүмкіндік береді, бұл медиа саясат, халықаралық коммуникация және имидждік стратегиялар үшін маңызды. Екіншіден, зерттеу нәтижелері журналистика, медиа сауаттылық және халықаралық қатынастар саласындағы оқу курстарында оқыту материалы ретінде қолданылуы мүмкін. Үшіншіден, бұл талдау отандық зерттеушілер мен медиа мамандар үшін халықаралық ақпараттық кеңістіктегі дискурстық үрдістерді бағалауға әдіснамалық үлгі ұсынады. Сонымен қатар зерттеудің белгілі бір шектеулері бар екенін атап өткен жөн. Біріншіден, зерттеу тек екі халықаралық басылыммен шектелді, сондықтан алынған нәтижелер Батыс медиасының толық көрінісін қамтымайды. Екіншіден, талдау белгілі бір уақыттық кезеңдегі материалдарға негізделген, бұл Қаңтар оқиғасының кейінгі интерпретацияларын қамтуға мүмкіндік бермейді. Үшіншіден, зерттеу тек мәтіндік материалдарды қамтып, визуалды немесе мультимедиалық контентті есепке алмады.

Болашақ зерттеулерде халықаралық медианың кең ауқымды корпусын қамтып, басқа елдердің басылымдарын қосу, сондай-ақ визуалды репрезентацияны фреймдік талдау арқылы зерделеу өзекті болмақ. Сонымен қатар қаңтар оқиғасының әлеуметтік желілердегі дискурсын немесе Қазақстандық және халықаралық медианы қатар салыстыру жаңа ғылыми нәтижелерге жол ашуы мүмкін. Қорытындылай келе, бұл зерттеу қаңтар оқиғасының халықаралық медиадағы репрезентациясын түсіндіруге үлес қосып, Қазақстан туралы қалыптасатын медиалық дискурстың күрделі әрі көпқырлы сипатын ашып көрсетті. Сонымен бірге, фреймдік талдау әдісі халықаралық саяси оқиғаларды зерттеуде тиімді құрал екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

## Пайдаланылған әдебиеттер

- Astrasheuskaya, N. (2022, January 7). Kazakhstan protests mark end of Nazarbayev era. *Financial Times*. <https://www.ft.com/content/d6890bbc-5760-44fd-bdcf-dcdafcf0fd058> Соңғы қаралған күн: 10.03.2026.
- Astrasheuskaya, N. (2022, January 8). Kassym-Jomart Tokayev, the Kazakh president confronting a nation in turmoil. *Financial Times*. <https://www.ft.com/content/bb057022-1add-4395-98c0-68ed567a3b34> Соңғы қаралған күн: 15.03.2026.
- Astrasheuskaya, N. (2022, January 10). Kazakhstan unrest: ‘Bandits’, foreign ‘terrorists’ or messy power struggle? *Financial Times*. <https://www.ft.com/content/90355e64-c3bb-43ee-bec4-37e3e2c70a60> Соңғы қаралған күн: 11.03.2026.
- Bilefsky, D. (2022, January 5). Revolt in Kazakhstan: What’s happening and why it matters. *The New York Times*. <https://www.nytimes.com/2022/01/05/world/asia/kazakhstan-protests.html> Соңғы қаралған күн: 15.02.2026.
- Burgis, T. (2022, January 13). Nazarbayev and the power struggle over Kazakhstan’s future. *Financial Times*. <https://www.ft.com/content/a1633129-2dc4-428e-96fa-5d52fd714a00> Соңғы қаралған күн: 05.03.2026
- Caron, J.-F. (Ed.). (2023). *A revolt in the steppe*. Palgrave Macmillan.
- Entman, R. M. (1993). Framing: Toward clarification of a fractured paradigm. *Journal of Communication*, 43(3), 51–58. <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1993.tb01304.x>
- Financial Times Editorial Board. (2022, January 7). Kazakh protests are a warning for other ex-Soviet autocrats. *Financial Times*. <https://www.ft.com/content/560b1b28-c180-40ec-b19a-ecce58f214259> Соңғы қаралған күн: 03.03.2026.
- Gamson, W. A., & Modigliani, A. (1989). Media discourse and public opinion on nuclear power: A constructionist approach. *American Journal of Sociology*, 95(1), 1–37. <https://doi.org/10.1086/229213>
- Goffman, E. (1974). *Frame analysis: An essay on the organization of experience*. Harper & Row.
- Hall, S. (1997). *Representation: Cultural representations and signifying practices*. SAGE Publications.
- Higgins, A. (2022, January 6). In Kazakhstan, Putin again seizes on unrest to try to expand influence. *The New York Times*. <https://www.nytimes.com/2022/01/06/world/asia/kazakhstan-putin-russia.html> Соңғы қаралған күн: 10.03.2026.
- Hopkins, V. (2022, January 8). Amid crisis, Kazakhstan’s leader embraces Russia. *The New York Times*. <https://www.nytimes.com/2022/01/08/world/europe/kazakhstan-russia.html> Соңғы қаралған күні: 01.03.2026.
- Hopkins, V., & Nechepurenko, I. (2022, January 5). Russia-allied forces to intervene as unrest sweeps Kazakhstan. *The New York Times*. <https://www.nytimes.com/2022/01/05/world/europe/kazakhstan-protests-gas-prices.html> Соңғы қаралған күн: 11.03.2026.
- Kapkyzy, Y., Slamgazhy, A. (2026). Framing Bloody January: Analyzing state media narratives in Kazakhstan. *Central Asian Survey*. <https://doi.org/10.1080/02634937.2025.2611918>
- Karibayeva, Z., & Lemon, E. (2023). Kazakhstan’s January events and elite politics. In J.-F. Caron (Ed.), *A revolt in the steppe* (pp. 53–78). Palgrave Macmillan.
- Kudaibergenova, D. T., & Laruelle, M. (2022). Making sense of the January 2022 protests in Kazakhstan: Failing legitimacy, culture of protests, and elite readjustments. *Post-Soviet Affairs*, 38(2), 1–19. <https://doi.org/10.1080/1060586X.2022.2077060>

- Mussa, N., Myssayeva, K., & Brown, M. (2025). Framing conflict in Kazakhstan: International media perspectives. *Media Asia*, 52(2), 145–160
- Nechepurenko, I., & Higgins, A. (2022, January 7). In Kazakhstan's street battles, signs of elites fighting each other. *The New York Times*. <https://www.nytimes.com/2022/01/07/world/asia/kazakhstan-protests.html> Соңғы қаралған күн: 12.03.2026.
- Snow, D. A., & Benford, R. D. (1992). Master frames and cycles of protest. In A. D. Morris & C. M. Mueller (Eds.), *Frontiers in social movement theory* (pp. 133–155). Yale University Press.

## References

- Astrasheuskaya, N. (2022, January 7). Kazakhstan protests mark end of Nazarbayev era. *Financial Times*. Retrieved March 3, 2026 from <https://www.ft.com/content/d6890bbc-5760-44fd-bdcf-dcdafc0fd058>
- Astrasheuskaya, N. (2022, January 8). Kassym-Jomart Tokayev, the Kazakh president confronting a nation in turmoil. *Financial Times*. Retrieved March 15, 2026 from <https://www.ft.com/content/bb057022-1add-4395-98c0-68ed567a3b34>
- Astrasheuskaya, N. (2022, January 10). Kazakhstan unrest: 'Bandits', foreign 'terrorists' or messy power struggle? *Financial Times*. Retrieved March 11, 2026 from <https://www.ft.com/content/90355e64-c3bb-43ee-bec4-37e3e2c70a60>
- Bilefsky, D. (2022, January 5). Revolt in Kazakhstan: What's happening and why it matters. *The New York Times*. Retrieved February 15, 2026 from <https://www.nytimes.com/2022/01/05/world/asia/kazakhstan-protests.html>
- Burgis, T. (2022, January 13). Nazarbayev and the power struggle over Kazakhstan's future. *Financial Times*. Retrieved March 5, 2026 from <https://www.ft.com/content/a1633129-2dc4-428e-96fa-5d52fd714a00>
- Caron, J.-F. (Ed.). (2023). *A revolt in the steppe*. Palgrave Macmillan.
- Entman, R. M. (1993). Framing: Toward clarification of a fractured paradigm. *Journal of Communication*, 43(3), 51–58. <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1993.tb01304.x>
- Financial Times Editorial Board. (2022, January 7). Kazakh protests are a warning for other ex-Soviet autocrats. *Financial Times*. Retrieved March 3, 2026 from <https://www.ft.com/content/560b1b28-c180-40ec-b19a-ece58f214259>
- Gamson, W. A., & Modigliani, A. (1989). Media discourse and public opinion on nuclear power: A constructionist approach. *American Journal of Sociology*, 95(1), 1–37. <https://doi.org/10.1086/229213>
- Goffman, E. (1974). *Frame analysis: An essay on the organization of experience*. Harper & Row.
- Hall, S. (1997). *Representation: Cultural representations and signifying practices*. SAGE Publications.
- Higgins, A. (2022, January 6). In Kazakhstan, Putin again seizes on unrest to try to expand influence. *The New York Times*. Retrieved March 10, 2026 from <https://www.nytimes.com/2022/01/06/world/asia/kazakhstan-putin-russia.html>
- Hopkins, V. (2022, January 8). Amid crisis, Kazakhstan's leader embraces Russia. *The New York Times*. Retrieved March 1, 2026 from <https://www.nytimes.com/2022/01/08/world/europe/kazakhstan-russia.html>

- Hopkins, V., & Nechepurenko, I. (2022, January 5). Russia-allied forces to intervene as unrest sweeps Kazakhstan. *The New York Times*. Retrieved March 11, 2026 from <https://www.nytimes.com/2022/01/05/world/europe/kazakhstan-protests-gas-prices.html>
- Kapkyzy, Y., Slamgazhy, A. (2026). Framing Bloody January: Analyzing state media narratives in Kazakhstan. *Central Asian Survey*. <https://doi.org/10.1080/02634937.2025.2611918>
- Karibayeva, Z., & Lemon, E. (2023). Kazakhstan's January events and elite politics. In J.-F. Caron (Ed.), *A revolt in the steppe* (pp. 53–78). Palgrave Macmillan.
- Kudaibergenova, D. T., & Laruelle, M. (2022). Making sense of the January 2022 protests in Kazakhstan: Failing legitimacy, culture of protests, and elite readjustments. *Post-Soviet Affairs*, 38(2), 1–19. <https://doi.org/10.1080/1060586X.2022.2077060>
- Mussa, N., Myssayeva, K., & Brown, M. (2025). Framing conflict in Kazakhstan: International media perspectives. *Media Asia*. 52(2), 145–160.
- Nechepurenko, I., & Higgins, A. (2022, January 7). In Kazakhstan's street battles, signs of elites fighting each other. *The New York Times*. Retrieved March 12, 2026 from <https://www.nytimes.com/2022/01/07/world/asia/kazakhstan-protests.html>
- Snow, D. A., & Benford, R. D. (1992). Master frames and cycles of protest. In A. D. Morris & C. M. Mueller (Eds.), *Frontiers in social movement theory* (pp. 133–155). Yale University Press.

МРНТИ: 19.45.91

## **Репрезентация Январских событий в международных медиа: фреймовый анализ материалов *The New York Times* и *Financial Times***

Өскен Дина

SDU University, Каскелен, Қазақстан

email: [2111345001@sdu.edu.kz](mailto:2111345001@sdu.edu.kz)

### **Аннотация**

Данная статья посвящена анализу репрезентации Январских событий 2022 года в Казахстане в международных медиа на примере материалов американского издания *The New York Times* и британского издания *Financial Times*. Теоретической основой исследования послужили теория фрейминга и концепция репрезентации. Эмпирическую базу исследования составили десять аналитических и новостных материалов, опубликованных в период активной фазы событий. Методологически исследование опирается на качественный контент-анализ с элементами фрейм-анализа, реализованный с использованием программного обеспечения MAXQDA. В ходе анализа были выделены шесть ключевых фреймов: «Безопасность/насилие», «Борьба элит за власть», «Хаос/беспорядки», «Социально-экономические требования», «Государственная легитимность и управление», «Легитимность протеста». Результаты исследования показывают, что *The New York Times* преимущественно акцентирует внимание на фреймах насилия и безопасности, а также хаоса и социальной нестабильности, в то время как *Financial Times* чаще использует фрейм борьбы элит и вопросы государственного управления. Выявленные различия свидетельствуют о неоднородности международного медиадискурса и различиях в интерпретации политических кризисов в зависимости от редакционных и национальных контекстов. Полученные выводы позволяют глубже понять механизмы

формирования международного образа Казахстана и подчеркивают значимость фрейминга как инструмента интерпретации политических событий.

**Ключевые слова:** фрейминг, репрезентация, Январские события, международные медиа, Казахстан.

IRSTI: 19.45.91

## **Representation of the January Events in International Media: A Framing Analysis of The New York Times and Financial Times**

Dina Osken

SDU University, Kaskelen, Kazakhstan

email: [2111345001@sdu.edu.kz](mailto:2111345001@sdu.edu.kz)

### **Abstract**

This article examines the representation of the January 2022 events in Kazakhstan in international media, focusing on coverage by the American newspaper The New York Times and the British newspaper Financial Times. The study is grounded in framing theory and the concept of representation as developed by Erving Goffman, Robert Entman, and Stuart Hall. The empirical corpus consists of ten news and analytical articles published during the peak of the crisis. The research employs qualitative content analysis combined with framing analysis, conducted using the MAXQDA software. Six dominant frames were identified: Security/Violence, Elite Power Struggle, Chaos/Unrest, Socio-Economic Grievances, State Legitimacy and Governance, and Legitimacy of Protest. The findings indicate that The New York Times places greater emphasis on frames related to violence, security, and social disorder, portraying the events primarily through the lens of instability and unrest. In contrast, Financial Times more frequently highlights elite power struggles and governance-related issues, situating the protests within broader political and institutional dynamics. These differences reveal the fragmented and asymmetric nature of the international media discourse surrounding Kazakhstan and demonstrate how national and editorial contexts shape the framing of political crises. The study contributes to media and conflict research by illustrating how framing practices influence the international perception of protest movements and state legitimacy in post-Soviet contexts.

**Keywords:** framing, representation, January events, international media, Kazakhstan.

*Келін түсті: 10 ақпан, 2026 жыл  
Қабылданды: 17 наурыз, 2026 жыл*